



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№7-8

(839-840)

19 ақпан

2021 жыл

КӨНЕНІ АҢСАҒАНДАР

Кеңес одағының елесінен арыла алмай жүргендер әлі де бар екен. Қарағанды облысының Ақбастау ауылындағы жұрт осыдан елу-алпыс жыл бұрын елді мекен шетіне қойылған орақ пен балғаның ескерткішінен бір түнде көз жазып, «еңіреп» қалыпты.

ҚҰЛАҒАН БАЛҒА, ОПЫРЫЛҒАН ОРАҚ НЕМЕСЕ АРҚАДАҒЫ «КОММУНИЗМ ЕЛЕСІ»



Фот. Rofel.kz



Келмекке кеткен кеңес дәуірінің белгісі — орақ пен балғаның ескерткішін ауылдағы белсенді жігіттер түп орнымен қопарып, жұлынбаған жерін кесіп алып тастаған. Жарты ғасыр тұғырдан түспеген темір мүсіннің орнына еліміздің көк байрағын қадапты. Бірақ олардың бұл патриоттық әрекеті ауыл тұрғындарының біразына ұнамаған. Тіпті кейбіреулердің ашу-ызасын туғызыпты. Сөйтіп жұрт улап-шулап, шағын ауылдың шаңын көтеріп, мәдениет үйіне жиналмай ма. Жиынға сонау ауданнан атқамінерлер мен облыстан дәу-дәу шенеуніктер келіпті. Келген де жиналыс ашқан. Әлгі шулап жүргендердің уәжі қызық. Біреуі: «Балалық махаббатымыз басталған кимас жер еді» десе, тағы біреуі: «Осы жерден көктемді күтіп,

мал-жанымызды қыстан аман-есен алып шыққанымызға қуанып, шағын «вешір» жасайтын құтты мекен еді» депті.

Виктория Грицишина есімді әйел: «Балға мен орақтың түбінде ғашықтарымызбен табысатынбыз. Күйеуім тұрмысқа шығуға осы жерде ұсыныс жасаған. Мектеп бітіргендер ескерткіштің түбінде таңды қарсы алатын дәстүр бар бізде. Бұл жер өзімізге сондай ыстық», — деп сұхбат беріпті КТК тілшісіне. Виктория ханымға өкпелеп жүргеніміз бекер екен. Дүйсенбай Қожақай деген ауыл ақсакалы бүй депті: «Мынау ауылдың сәні еді. Ескерткіш қой бұл. Қандай зиян көрдік біз совет үкіметінен? Көрген зиянымыз бар ма?».


(Жалғасы 3-бетте)

ТІЛ-МАЙДАН

«ОТТЫ ОТПЕН СӨНДІРЕДІ. ТІЛ ТАРТЫСЫ БАР ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ»

Керекуде тұратын қоғам қайраткері Арман Қани мемлекеттік тілді меңгеруді міндеттейтін бірнеше талап қойыпты. Оған кейбіреулер өре түрегелген. Біз басы дауға қалған қоғам белсендісінен тіл тағдыры төңірегінде сұхбат алдық.

(Жалғасы 5-бетте)



ЗІЛТЕМІР

ОЛ ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ, БІЗ ОНЫҢ РУХЫН СЫНДЫРДЫҚ

Илья ИЛЬИН, әлемнің төрт дүркін чемпионы, ауыр атлет:

«Ауыр атлетикадан Азия чемпионы және Универсиада жеңімпазы Айдар Қазовтың басындағы жағдайға қатысты өз пікірімді білдіруді жөн көрдім.

Бұл нағыз масқара жағдай! Біздің спортшыларға деген мұндай көзқарас ашу-ызамды келтірді. Чемпионның отбасымен далада қалғаны қалай? Мен осындай жағдайға тап болған басқа да спортшыларды білемін.

Бұлай болмайды! Спортшылар жастық шағы мен денсаулығын төркі етіп, жарыста еліміздің туын желбірету үшін бар күшін аямайды емес пе?!».



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
65,01



DOLLAR
417,5



EURO
509,2



РУБЛЬ
5,64

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Биылғы оқу жылы оқушылар үшін онлайн форматта басталды. Міне, үшінші тоқсан да аяқталуға жақын. Қашықтан білім алған оқушылардың білім сапасы қандай? Онлайн білім беру жүйесінің нәтижесі жемісті ме? Күрмеуі қиын қандай мәселелермен бетпе-бет келдік? Бұл сауалдарға Қазақ білім сарапшылар лигасының президенті Гүлнара Әбішева жауап берді.

МИНИСТРЛІКKE САУАЛЫМЫЗ КӨП...

Jas qazaq: Сіздіңше, онлайн оқу жүйесі сапалы білім бере алды ма?

Г.Әбішева: Бүгінге дейін білім және ғылым министрлігі қандай да бір жұмыс жүргізіп отырған шығар. Алайда министрдің берген есебі мен атқарған істерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Өйткені бұл жерде барлығы стратегиядан басталуы керек еді.

Біріншіден, елімізде қашықтан оқытудың жалпы стратегиясы керек. Онсыз болмайды. Біз қашықтан оқытудың қандай болатынын алдымен көруіміз керек еді. Біз ғана емес, мұғалімдер де нақты мақсат және міндетті білугі тиіс еді. Бірақ стратегия жағынан ол орындалмады.

Екіншіден, қашықтан оқытудан нақты бір нәтиже бар деп айта алмаймын. Біз де сараптап, саралап отырмыз. Әу бастан білім жүйесін ұйымдастырудың өзі дұрыс емес. Біз білім және ғылым министрлігіне «Білім мазмұны қашықтан оқытуда қандай болады?» деген сауал жолдадық. Жауап ала



алмадық. Дәстүрлі форматта оқып жүрген білім мазмұнын қашықтан оқыту жүйесіне салуға болмайды. Өйткені екі жүйенің әдіснамасы әр түрлі. Сондықтан осы мәселелерді бірге талдайық деп кездесуге шақырған едік. «Білім мазмұнын қысқартайық, балаларға тиімді етейік» дедік. Мұны да жауапсыз қалдырды. Бүгінде қашықтан оқытудың үшінші тоқсаны аяқталып қалды.

Үшіншіден, білім беру платформалары дұрыс тандалмады. Біз білім және ғылым министрлігінен «Білім беру платформалары қалай тандалды? Қандай талаптарға сай тандалды?» деген сауал қойдық. Оларға бірдей талап қойылуы керек еді! Бірақ бұл да жауапсыз қалды. Былтыр маусым айында 20 шақты платформа өздерін таныстырған болатын. Бірақ сырттан келген 5-6 платформаны тандап алып, техникалық қызмет жасауға рұқсат берген. Бүгінгі күні сол платформалардың жұмыс жасау сапасы керемет деп айта алмаймыз. Жалпы барлық мектептерді де қамтып үлгермей жатыр. Сол кезі ұсыныс жасаған 20 платформаның бәріне рұқсат беріп, жұмыс сапасына қатаң талап қойылса, ал әрбір мектепке өз платформасын тандап алуына еркіндік берілсе, сонда нәтиже басқаша болар еді.

Jas qazaq: Оқушылардың білім сапасын бағалау жүйесінің қандай кемшіліктері бар?

Г.Әбішева: Оқушылардың білім сапасын бағалау формальды түрде өткізіліп жатыр. Бүгінде оқушының күнделікке қойылған бағалары объективті деп айта алмаймыз.

(Жалғасы 3-бетте)

(Бұл туралы 4-беттен оқи аласыз)



МЕГАПОЛИС

Осы аптада Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев тұрғындардың алдында есеп берді. Есеп беру әдеттегідей лық толы залда емес, Алматы телеарнасының студиясында ұйымдастырылды. Ең алдымен өткен жылы атқарылған жұмыс туралы 15 минуттық ролик көрсетілді. Содан кейін қала әкімі тікелей келіп түскен сауалдарға жауап беруге кірісті. Jas qazaq қала басшысының есебін тыңдады.

дейін жарықтандыру жоспарланған. Қаржы бөлінген, мердігерлер жұмысын атқаруда. Аудан әкімдері де қадағалап отыр.

50 МЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Өткен жылы 77,6 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Барлық мемлекеттік бағдарламалар аясында 47,8 мың жұмыс орны ашылды. Соның ішінде «Енбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша — 18 648 орын, «Жұмыспен қамтудың жол картасы — 2020» — 21 689, «Бизнестің жол картасы — 2025» — 3540, «Қарапайым заттар экономикасы» — 1419, аймақтық даму — 824, «Нұрлы» Жер» — 455, индустриалды-

Өнеркәсіп саласында 1,4 мың жұмыс орнын құрумен 39,7 млрд тенгеге 11 жоба іске асырылды. Оның ішінде индустриялық аймақта — 848 жұмыс орнын құрумен 29,9 млрд тенгеге 4 жоба жүзеге асырылды. «Алматы Бизнес-2025» өңірлік бағдарламасы аясында 3 шағын өнеркәсіп паркі ашылды, онда кәсіпкерлерге жеңілдікті тарифтер бойынша өндірістік алаңдар беріледі. «Qolday» кәсіпкерлік орталығы бизнеске 91 мыңнан астам кеңес және басқа да сервистік қолдау көрсетті.

«ШЕТСІЗ ҚАЛА» ҚАҒИДАТЫ

2021 жылы Алматыда 40 шақырымнан астам жаңа жол салынады.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«БІЗ ЖАҒЫМСЫЗ СЦЕНАРИЙДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫНА ЖОЛ БЕРМЕДІК»

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Өткен жылы тұрақтандыру қоры құрылды. Бүгін 24 миллионға жуық пакет препарат айналымда және азаймайтын 8 млн данасы бар. 300-ден астам дәріханаға мониторинг жүргізілді. «VivaPharm» ЖШС сұйық, жұмсақ және қатты дәрілік формаларды шығаруға арналған өндірістік кешенді іске асыруды бастады. Инвестиция көлемі — 4,6 млрд теңге. «DolcePharm» ЖШС жеке қорғаныс құралдарын шығаратын зауыт салуда. Инвестиция көлемі — 19,5 млрд теңге. «Альфа Мет» ЖШС, «Био Евразия» ЖШС және «ADS Industries» ЖШС фармацевтика өнімдерін шығаруға арналған жобаларды іске асыруға кірісті. Жалпы инвестиция көлемі — 18 миллиард теңге.

Дәрі-дәрмектермен және жеке қорғаныс құралдарымен жабдықтау жөнінде құрылған тетік импортқа тәуелді болмауға мүмкіндік береді және COVID-19-ды ғана емес, сонымен қатар басқа да ауруларды емдеу кезінде дәрі тапшылығын азайтады.

ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТУ

Әрбір алматылық өз кезегін электронды түрде бақылап, кімге үй берілетінін көреді. Ешқандай құпия жоқ. Көпбалалы аналарға тұрғын үй сертификаты беріледі. Бастапқы жарнаға 2 млрд теңге бөлінді. 2000 отбасы көмек ала алады. Бұл төлем көпбалалы отбасылар, мүгедек балалары бар немесе мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар; жетім балалар, 1-2 санаттағы мүгедектерге арналады. «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында тұрғын үйге жылдық 2%-бен жеңілдікпен несие беру қарастырылған.

601 КӨШЕ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛАДЫ

2020 жылы қала шетіндегі 1 423 көше (*Алатау, Наурызбай, Жетісу, Түркісіб*) жарықтандырылды. Қалған 601 көшені 2021 жылдың соңына

инновациялық даму — 869, білім мен ғылымды дамыту — 70.

«2021 жылы жаңа жұмыс орындарын құру жоспары шамамен 50 мың бірлікті құрайды, оның 30 мыңы тұрақты. Жұмыссыздарды қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бойынша жұмыс жалғасуда, онда өткен жылы 1000-нан астам азамат жұмыспен қамтылды. Курсты аяқтаған соң түлектер тұрақты жұмысқа жіберіледі. Бүгінде олардың 66%-дан астамы жұмысқа орналасқан.

Жеке бизнесті ашуға немесе бұрыннан бар бизнесті ілгерілетуге 200 АЕК-тен 1,7 мыңнан астам грант берілді. Негізгі іс-шаралар тігін, аспаздық, маникюр және шаштараз және т.б. Жоғарыда аталған бағдарламаларға қатысу үшін жұмыссыздар қаланың Жұмыспен қамту орталығына жүгіне алады.

ЖАС ӨСКІНГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Балаларды мектептен тыс біліммен жаппай қамтудың жол картасы қабылданды. Қалалық кітапханалар базасында 156 тегін үйірме ашылды. Шығармашылық үйірме саны 5400-ге дейін артты. 5 ауданда «Шынға өрлеу» әлеуметтік клубтары құрылды. Спорт ғимараттарының саны бір жылда 745 нысанға артып, 3,4 мың нысанға жетті, 252 тегін секция ашылды.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту 2021 жылы жалғасады. 8 мектеп, 17 жаңа корпус-жапсарлас құрылыс салу есебінен қосымша 20 700 оқушы орны пайда болады. Сонымен қатар, 640 мектепке дейінгі орын ашылады. Ата-аналар төлемін субсидиялау үшін қалалық бюджеттен 1 млрд теңге бөлу жоспарлануда, бұл балабақшаларда қосымша 5 мың орын құруға мүмкіндік береді.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Шағын және орта бизнесті несиелендіру көлемі 2020 жылы 1,7 есе өсіп, 1,4 трлн теңгеден асты.

Қала шетіндегі инфрақұрылымды жақсарту үшін «Жаңа Алматыны» дамытудың 5 жылдық кешенді жоспары қабылданды. 200 млрд тенгеге 504 жобаны іске асыру басталды. Пандемияның экономикаға тигізген қысымына карамастан, «Шетсіз қала» қағидаты бойынша дамыту жалғасады. Әрбір алматылық тұрғылықты жеріне карамастан тең өмір сүру стандартына ие болуы тиіс

Қалаға қосылған ықшамаудандардың инженерлік инфрақұрылымын дамыту шеңберінде 2020 жылы 50 мыңнан астам адамды қамтитын 300 шақырым су құбыры мен көріз желілері салынды. 16,1 шақырым жылудың жабдықтау желілері қайта жаңартылды. Быыл «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту жалғасады. 40,4 шақырым жаңа жол салынып, 200 шақырымнан астам жолды орташа жөндеуден өткізіп, үш жол айрығының құрылысын жалғастыру және төрт көшені тесу бойынша жобалар жоспарлануда. «Сарыарқа» және «Достық» метро стансаларының құрылысын аяқтау және «Қалқаман» стансасының құрылысын жалғастыру көзделді. «Ақсай» су жинау стансасы, Наурызбай ауданында коллектор салынады. 170 шақырым су құбыры мен 145 шақырым көріз желілерінің құрылысы жүргізіледі.

ТҮЙІН

Біз жағымсыз сценарийдің жүзеге асуына жол бермедік. Іс жүзінде барлық экономикалық көрсеткіштерді арттырдық. Саудадағы, тасымалдаудағы және қоймаларда сақтаудағы құлдыраудың экономиканың басқа салаларындағы өсімімен өтедіне қол жеткіздік. Сонымен қатар, жаңа перспективалы секторларды — цифрландыру мен смарт-индустрияны, креативті экономика мен туризмді дамытуға серпін бере алдық.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰



ТҮЙЕНІ КӨРМЕЙ, ТҮЙМЕДЕН МІН ІЗДЕУ

Ресейлік режиссер Константин Богомолов публицистикаға қалам сілтепті. Тақырыбы да тартымды. «Еуропаны ұрлау 2.0» (*«Похищение Европы 2.0»*). Автор туындысын манифест деп атайды. Тағы бір ерекшелігі — мақаланың nova.yagazeta.ru сайтында жариялануы. Көзіқарақты оқырман мұндай ақпарат құралдарының Батыс медиасымен мақаласы мазмұндас, ұстанымы ұқсас, қағидасы қанаттас екенін білсе керек. Рас, редакция алғысөзінде осы мақала арқылы түрлі көзқарастағыларды пікірталасқа шақыратынын ескертеді. Сол-ақ екен, терістік көршідегі либерал атаулы, соның ішінде сайт журналистері де, көп күттірмеді. Ашулы сарынмен жауап жазып, манифестің «кәтелік-кемшілігін» көпара қазып, «қасиетті кәрі құрлыққа тіл тигізді» деп режиссерді жерден алып, жерге салды.

Дабыл қағып, аттан салатындай байғұс Богомолов не жазып еді? Манифесті бір сөзбен түйіндесек, бертінге дейін өрелі өркениеті, мәуелі мәдениеті, құнарлы құндылығымен орысқа үлгі-өнеге болған бұрынғы кәрі құрлық жоқ. Тіпті терістік көршіде «Увидеть Париж и умереть» дейтіндер де азайып барады. Фашистерден кейін екінші рет ұрланған Еуропа ғасырлар бойы қаймағы бұзылмаған мемлекет пен қоғам институттарын емес, оған кереғар құндылықтарды, дәстүрлі отбасын емес, бір жыныстылардың некесін көбірек дәріптейді.

Алайда Еуропа мұндай бөтуамен келіспейді. Ескі үрдіспен өзгелерді, әсіресе, кешегі кеңестің темір шекпенінен шыққандарды «үйретуден» жалықпайды. Өз мүддесін көксеп, жоқ жерден кемшілік іздеп, кейде адам құқығы мен сөз бостандығын ұртотпақ ретінде пайдаланады. Бұған өткен жетіде тағы да көз жеткіздік.

Адам құқығы мен құндылықтар империализмі. Еуропарламенттегі неміс депутаты Максимилиан Кра соңғы кездері кәрі құрлықтың сыртқы саясатында осынау ұятты ұғым белен ала бастағанын, сол үшін (*басқалардан*) кешірім сұрау қажеттігін мәлімдеді. Ол «Гумбольдт бір кездері «Әлемді көрмеген, білмеген адамның дүниетанымы тым шектеулі» деген. Сіздер нақты шынық пен дерекке жүгінудің орнына, сотталған қылмыскер мен алаяққа көбірек сенесіздер» делі.

Максимилиан Кра «Қазақстанда адам құқығы бұзылуда» деп қарар қабылдаған Еуропарламенттегі әріптестеріне өзінің наразылығын осылай білдірді. Оның айтуынша, мұндай әділетсіз шешім шығаруға қашқын банкир М. Әбіләзовтың депутаттар арасында жүргізген лоббистік әрекеті ықпал еткен. Германия өкілі, сондай-ақ біздің елімізде толық еркіндік бар екенін, сырттан демократия дәрісін оқитындарға зәру емес екенін айрықша атап өтті.

Еуропарламенттің тағы бір депутаты, француз Тиерри Мариани да әлгі қисынсыз құжатты өткір сынға алды. Ол мұндай құжат өздерін «оппозицияшылдар» деп атайтын елдегі және шеттегі топтар мен олардың «қаржылай қамқоршысына» айналған әлгі атышулы алаяққа майдай жағатынын айтады. Тек бұларға ғана емес, бізге тас лақтырса, қуанып, айқайға қику қосатын біздегі кейбір сайт пен блогерге де.

«Әліптің артын бағады» деп сынға ұшырайтын сыртқы істер министрлігі, әділін айтқан абзал, бұл жолы дереу мәлімдеме жасап, наразылық білдірді. Қарардың ақиқатпен мүлдем қабыспайтыны, оның ар жағында Қазақ еліне қырын қарайтындардың тұрғаны баса айтылды. Сыртқы саясат мекемесінің ресми өкілі Айбек Смадияров Еуропарламенттің ескертуі әртүрлі елдерге қатысты құжатта сол күйінде қайталанатын, айтыла-айтыла әбден жауыр болған сын мен мін екеніне назар аударды. Айта кеткен жөн, Әзірбайжан басылымдары да Еуропарламент қабылдайтын құжаттың осындай «қасиетпен» ерекшеленетінін жазады.

Өзіндегі мінді көрмей, өзгені сынайтындарға қазақ әдемі нақылмен жауап қайтарған — Жүйесіз сөз иесін табады. Бұған алып қосарымыз жоқ.

Срайыл
СМАЙЫЛ



Кесте

ЖҰМЫРТҚА БАҒАСЫ

2021 жыл, қаңтар

	теңге	
Алматыда	459	
Нұр-Сұлтанда	448	
Атырауда	445	
Ақтауда	444	
Қызылордада	409	
Семейде	405	
Өскеменде	405	
Павлодарда	375	
Талдықорғанда	375	
Шымкентте	372	
Көкшетауда	354	
Түркістанда	354	
Ақтөбеде	350	
Қостанайда	350	
Оралда	347	
Қарағандыда	345	
Петропавлда	340	
Таразда	333	

Сөз-Жебе



Қанатбек САФИНОВ, Сенат депутаты:

«Қабылданатын заңдардың шамамен жартысына түзетулер мен өзгерістер енгізу — заңнама тұрақсыздығының көрсеткіші. Сенат өткен жылы 110 заң жобасын қарап, қабылдады. 18 заң жобасы көрі қайтарылды. Жалпы елімізде 2,5 мыңнан астам заң қабылданды. Олардың 301-і дербес, 90 пайызы — өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар және ратификацияланған халықаралық шарттар. Өзгеріс енгізілмеген заң қалмады. Мен заң жобасында осы заңдардың көптігін және олардың тұрақты өзгерісін тоқтатуға бағытталған тиімді тосқауыл таппадым!»

Сұрақ-жауап

«БҰЛАҚҒЫРЫП МЕНІ МАЗАЛАМАЙДЫ!»

Өткен аптада өзілкеш Еркебұлан Мырзабек әлеуметтік желіде Әулие Валентин күніне орай пікір білдіріпті. Ол «ғашықтар мерекесі елімізде тойланбай жатыр» деген сыңайда қынжылысын білдіргендей. Тілшілеріміз осыған орай Еркебұланға хабарласып пікірін білді.

— Сіз Әулие Валентин күнін қазақтың мейрамы деп санайсыз ба? — Мен үшін «Әулие Валентин» күні емес, жәй ғана «Ғашықтар күні». Баяғыда құрбан болған айдаладағы бір адамның атын атамай, қарапайым ғана «бір-біріне сезім білдіру күні» десе де болады. Жәй ғана күн. Мейрам демесе де болады. Ал әлгі постты оқырмандарымның ойын білу үшін, әзіл түрінде салдым. Бұл тақырып мені қатты мазаламайды.



ҚҰЛАҒАН БАЛҒА, ОПЫРЫЛҒАН ОРАҚ НЕМЕСЕ АРҚАДАҒЫ «КОММУНИЗМ ЕЛЕСІ»

(Басы 1-бетте)

Қаныраған кара темірден құтылу туралы идеяны белсенділер былтыр көтеріпті. Бірақ айқайшы жұрттын карасы калың болып, әңгіме басылып қалған. Балға мен оракка жұрттың бәрінің жаны күйіп, кейіп отырған жоқ. Кейбір тұрғындар: «Тәуелсіз елдің көк туы тұрғанда, ескіліктің саркытын төбемізге көтеріп қойғанымыз намыс емес пе!», – дейді. Осылайша ауылдағы ағайын екіге жарылыпты. Бір жағы тараған одақтың калдық темірін тұғырына қондырғысы келсе, екінші тарап көк туды желбіретіп, егемен елдің иесі кім екенін сездіргісі келеді. Ауылдағы бала-шағаның бойына ұлттық құндылық пен мемлекеттік рәмізге деген құрметті сіңіргісі келеді.

Аспандияр Сейсенов деген ауыл белсендісі «Осы ауылдағы орыс пен казакты ешкім бөліп отырған жоқ. Қай тілде сөйлейді – сол тілге қызмет етеді. Оны арандатушылар істеп отыр. «Біздің символымыз, біздің қорғанымыз» деп жүргендер солар. Біздің символымыз бөлек қой қазір. Әнұранымыз да бар» деп, орак пен балғадан құтылғанына куанып отыр.

Құлаған балға, опырылған орак жай жатсын ба? Әлдекашан металл алғыштардың қолына өтіп кетіпті.



Фотa: Pаnеl.kz

Ал оның орнына тігілген көк туды прокуратура қызметкерлері заң талаптарына сай келмейді деп алғызып тастапты. Жергілікті әкім тұрғындардың ауылға деген сезімін баска жолмен ояппак көрінеді. Онысы кейбір аудан-калалардың кіреберісіне қойылатын ағылшын тіліндегі «I love you, Aqbastau» болу керек. Біз солай түсіндік.

Жарас КЕМЕЛЖАН

(Басы 1-бетте)

Біраз аймактарды аралағанда «күнделіктегі бағаны қалай қоясыздар, білім сапасы 65-70% дейін көтерілген, осыған негіз бар ма?» деп сұрадым. Ұстаздар өздері де жағдайды түсініп отыр, бірақ баска амал жоқ. «Балалар ТЖБ, БЖБ тапсырмаларын мектепте жазуға рұқсат берсе, оқушылар толық білім алу жүйесіне көшсе» деген ұсыныс айтқанымызбен, тағы да жауапсыз қалды.

Жас qazaq: Жауапты министрліктер еліміз 90 пайыз интернетпен қамтылған деп есеп берді. Алысты айтпай-ақ қояйық, Алматының шетіндегі ауылдарда интернет жоқ. Сонда интернеті жоқ оқушылар қалай оқып жүр?

Г.Әбішева: Біздің сараптамамыз бойынша бастауыш сыныптың 30,8% пайызы әлі де мектепке бармаған. Негізгі орта буын оқушылары (6,7,8,10-сыныптар) толығымен қашықтан оқытуда. Жекеменшік мектептер тек 2,2%-ды


Министрлік тарапынан әдістемелік конструкторлар берілсе, мұндай жағдайлар болмас еді. Нақты алгоритм болса, мұғалімдер сол бойынша сабақ жүргізетін еді. Бұл жердегі видео-сабақ та жәй әңгіме. Мұғалімдердің 10 -15 пайызы ғана видео-сабақты қолданып жатыр десе болады. Баскасы қолданып жатқан жоқ. Бұл жәй ақша жұмсау сияқты көрінеді.

Министрлік тарапынан 3-4 құжатты ғана жасау керек еді. Бірінші – қашықтан оқу жайында стратегиялық құжат. Сонда нақты мақсат пен міндет, нәтиже көрсетілуі керек. Екінші – білім мазмұнын қысқартып, мұғалімдерге жағдай жасау. Үшінші – мұғалімдерге әр пән бойынша әдістемелік нұсқау беру. Платформаларды реттеу. Төртінші – білім сапасын бақылау жүйесін нақтылау. Осындай 3-4 қадамды министрлік қолға алуы керек еді.

Жас qazaq: Біз біраз баланың өзге елдерде білім алып жатқанын білдік. Ал заң бойынша олар тек Қазақстанда білім алуы керек емес пе! Ертен олардың жағдайы не болады?

Гүлнар ӘБІШЕВА:

МИНИСТРЛІККЕ САУАЛЫМЫЗ КӨП...



құрайды. WhatsApp-та оқушылардың 40-45% отыр. Бұл интернет жоқ аудан оқушылары. Сонда өздеріңіз ойланып көріңіздер: министрліктің халық алдында, Президент алдында беріп жатқан есебі қаншалықты айқын?

Бүгінде 9 бен 11-сынып оқушыларын мектепке кіргізді. Онда да 70/30 пайыз. Бәрін кіргізбесе, не қажеті бар? Бүгінде оқушылар қайда жүгірерін білмейді. Қазір 11-сынып оқитындардың жағдайы қиын. Өйткені олардың кейбіреуі қосымша репетиторларға барып жүр. Бізге осы мәселені айтып, ата-аналар хабарласады. Оларға бейіндік пәндерге ғана мән берсін деген кеңес бердік. Өйткені балалар оқуға түсуге даярлануы керек.

Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мәселесі. Қашықтан оқыту енгізілген күннен бастап олар тасада қалып қойды. Бүгінде ондай балалардың үлесі – 2,9 пайыз. Инклюзивті білім беру деп қанша қақсады. Олардың арасында үйде оқитыны бар, мектепке келіп оқитыны бар. Олар да қалып қойды, мүлдем оқып жатқан жоқ. Олармен жұмыс жүргізіп жатқан бірде-бір адам жоқ.

Алматының түбінде интернет жоқ деп айтып отырсыз. Әрине, интернетпен көп нәрсе байланысты. Мәселен, ата-аналардың біреуі бізді мұғалімнің сабақ беретін чатына қосты. Әлгі мұғалімді бір ай бақыладым. Сонда 25 жыл жұмыс өтілі бар мұғалімнің өзі жарты сағаттың ішінде барлық топтарға тапсырманы «лақтырады». Сабақтың жоспарын жазғаннан кейін астына тапсырма береді. «Сұрақтарыңыз болса, хабарласыңыздар» деген хабарлама қалдырады. Болды. Мұғалімнің жұмысы осы. Күнделікті осылай. Оқушылар орыс тілін осылай оқып жатыр. Әрине, мұғалімдердің барлығы осындай деуге болмас. Әріптестерімнің көбі адал еңбек жасап, қашықтық оқытудың қиыншылықтарын көтеріп, нәтиже көрсетіп жатыр.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Қазақ журналистикасы ауыр қазаға душар болды. 70 жасқа қараған шағында қазақ телевизиясына 45 жыл қызмет еткен журналистика ардагері Нұртілеу Иманғалиұлы өмірден өтті.

Нұртілеу Иманғалиұлы 1952 жылы 1 мамырда Алматы облысы Ақсу ауданы Дінгек ауылында дүниеге келген. Қазақ телевизиясында тілші, редактор, аға редактор, комментатор, бас редактор, саяси шолушы, директордың орынбасары, «Хабар» агенттігінде модератор-жүргізуші, одан кейін үкімет кеңсесінде сектор меңгерушісі, Президент Әкімшілігінде бас маман болып жұмыс істеген.

2006-2007 жылдары «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасы, одан кейінгі жылдары «Қазақстан РТРК» АҚ Баскарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. Ізбасар шәкірттерін тәрбиеледі.

Нұртілеу деген есімді үйінің төрінде теледидары бар әр қазақ біледі. Оның «Бай, қуатты болайық!» деп әр хабарын түйіндейтін бір ауыз сөзі Алаш баласының жадында жатталып қалғалы қашан. Қанатты сөз, баталы сөз, елін, жерін ерекше

қадір тұтатын отансүйгіш перзенттің жүректен жарып шыққан боямасыз, адал сөзі, ақ тілегі еді.

Марқұммен дос-бауыр болғандардың айтуынша, Нұртілеу – атақты Молькбай қобызшының ұрпағы, шашасына шаң жұқпас қазақ эпикалық поэзиясының бірінші жүйрігі, қайталанбайтын акын Лияс Жансүгіровтің аталас інісі. Әкесі Иманғали ақсақал елге қадірлі, халық ақыны болған. Заманында талай айтысқа қатысып, оза шауып, бөйге алған. Жыр алыбы Жамбылдан бата алған Қалқа Жапсарбаевтармен сыйлас, замандас болған, өнер қонған жан екен. Нұртілеуге сөз киесі қанмен келген, бергісі әке тәлімінен дарыған.

«Жас жігер», «Көзқарас», «Алтыбақан», «Айна», «Заң мен заман», «Ақиқат пен аңыз», «Дидар», «Көкпар», «Ой-көкпар», «Бетпе-бет», «Дін мен діл», «Заң сөйлесін», «Nur-Tileu» және т.б. авторлық хабарларын жүргізді. Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы мен «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері.

Қалың көрермені мен әріптестері ерекше қадір тұтқан арда ағамыздың жарқын бейнесі жүректерде мәңгі сақталатынына күмән жоқ.

Қош, қазақ журналистикасының қайраткері!

Талғат НӘРІКБАЕВ,
Nur Otan партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшесі:



«Медициналық жабдықтар жоғары бағамен сатып алынды. Мысалы, Ақтөбе облыстық жедел жәрдем ауруханасы 22,3 млн теңгеге жасанды тыныс алу аппаратын сатып алды. Нарықтағы ең жоғары баға мен нақты баға арасындағы айырмашылық – 5 млн теңге. Екінші мысал: сол аурухана нарықтағы ең жоғары құны 32 млн теңге болған кезде, 69,5 млн теңгеге ультарадыбыстық диагностикалық медициналық жүйе сатып алған».

1x2



Меруерт ҚАЗБЕКОВА,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық қоғамдық кеңес мүшесі:

«Біздің өліміздің болашағын ойлайтын басшыларда, мемлекеттік қызметкерлерде моральдық-этикалық қасиеттердің жоқтығы таң қалдырады.

Олар өздерін қорғай алмайтын қоғамның әлсіз топтарын, балалар мен науқастарды тонайды. Бұл уақытша қиындық емес. Бұл – апат».



Түйткіл

Үкіметтің экономикалық блогы «Ойын бизнесі туралы» Заңның жаңа жобасынан бірауыздан бас тартады. Мұны бірінші болып

Ұлттық банк бастады. Енді қаржы және ұлттық экономика министрліктері де бұл мәселе жайында бәрін алдын ала білгенін, әйтсе де, экономиканың осы саласының жойылуына кедергі келтіргісі келмегенін мәлімдеді.

Былтырғы жылдың көктемінде мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова заңға енгізілетін түзетулердің жобасын ұсынғанда, оның жанында қаржы министрлігінен де, ұлттық экономика министрлігінен де мамандар болған жоқ. Ол барлық сұрақтарға жалғыз өзі жауап берді. Сонда ұлттық экономика министрлігінің сарапшылары қайда болды екен? Сайып келгенде, депутаттарды алдымен экономикалық мәселелер қызықтыруы керек. Өйткені шенеуніктердің көрсеткіші көбіне дұрыс шықпайтынын білеміз.

Ұлттық экономика министрлігі өзін былайша

букмекерлік кеңселердің салығын алайық дейтіндей. Бұл, әсіресе, ұлттық экономика министрлігінің келесі жауабынан айқын көрінеді. «Министрлік салықтың азаю қаупін көріп отыр ма» деген сұраққа Мейіржан Бахитұлы: «министрлік мұны әлі білмейді» деп жауап берді. Салық бойынша қалыпты статистика үш жылға ғана қолжетімді — 2017, 2018 және 2019 жылдар. Бірақ 2020 жылға қатысты ақпарат жоқ. Өйткені былтырдан бері «ойын бизнесі субъектілері корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылады,

елдің үкіметі бәрін де ақылмен ойластырып, ойын шарттарын өзгертіп отырады. Қазірдің өзінде онда екі бірдей Ставкаларды есептеу орталығы — Интерактивті ставкалардың аударымдарын есептеу орталықтары (АТО) жұмыс істейді. Олардың деректерін талдау кімнің, қанша сома қаржы салатынын, ақшаның қалай және қайда айналып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Ал өткен жылы Мемлекеттік Дума «Ойын бизнесінің бірінші операторын» құру туралы заң қабылдады. Айтпақшы, оның құрылтайшысы қаржы министрлігі болды!

Қантарда оператор жұмыс істей бастады және «қара букмекерлерге» ақша аударымдарының барлық заңсыз арналарын тез арада жауып тастады және дұрыс жасады. Заңсыз пайда табушылар жауап ретінде не ойлап тапты?



Олар ставкаларды қолма-қол қабылдай бастады. Ең алдымен, сенімді және ең ірі клиенттерінен. Шенеуніктер, ірі компаниялардың басшылары, оның ішінде мемлекеттік компаниялар және кәсіпкерлер VIP қызмет қабылдауға көшті. Қызмет қарапайым: курьер клиентке келіп, қолма-қол ақшаны алып, тарифті кеңсеге бірден растайды. VIP қызметі үшін «қара букмекерлер» ставканың тура 4 пайызын алады. Еліміздегі шенеуніктер де Ресейдегі қылмыскерлермен бірдей форматта ойлана ма? Мен бәрі мұншалықты жаман емес екеніне сенгім келеді. Бірақ фактілер басқаша сөйлейді.

БӘРІ ДЕ ТАМАША

Мұнда маңызды тағы бір мәселе бар. Мәдениет және спорт министрлігі бас тігу қызметінің жағымсыз бейнесін қалыптастыру науқанын өркендетті түрде атқарып жатқан жоқ. Ештеңе түсінбейтін құмар ойыншылар, бұзылған отбасылар, қара базар шонжарлары. Ал Ресейде мұндай нәрсе жоқ. Қаржы министрлігі міндеттерді белгілейді және оны біртіндеп шешуде. Сондай-ақ ұлттық спорт түрлеріне қаржылай қолдау жасайды. Неліктен бұлай?

Егер біз жоғарыда келтірілген барлық деректерді салыстырсақ, онда еліміздегі осы іс-әрекеттің бастамашысы шешетін міндеттер тізбегі пайда болады. Спорт ставкаларына тәуелді адамдар туралы ақпарат алу маңызды. Бұл олардың кіріс көздерін түсінуге көмектеседі.

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ БӘС ТІГУДІ ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНДІРЕДІ?

«Бұл букмекерлік кеңсенің аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған және қолма-қол және қолма-қол емес төлемдерді қабылдауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы». Әрі қарай: «Ақпаратты қабылдау, тіркеу және сақтау, сондай-ақ оны үшінші тұлғаларға беру ережелерін ... уәкілетті орган белгілейді». Қандай адамдар? Қандай орган? Қазақстанда тұтынушылардың мәліметтер базасы әрдайым жабық болады дегенге сенесіз бе? Мемлекеттік органдардың ақпаратына қатысты кейбір ірі оқиғалардан кейін бұған сену қиын.

Сонымен қатар, букмекерлік кеңселердің жағымсыз бейнесі қалыптасуда. Біз екі факторды алып тастаймыз. Енді бас тігуші жанкүйерлерге қысым жасайтын құрал бар.

Талап ТІЛЕГЕН

Айдар Қазов қазір Алматыда жүр. Ауыр атлетикадан Азия чемпионы, Азия кубогының иегері, Халықаралық гран-при турнирінің жеңімпазы. Бұрнағы күні Айдар Қазовқа сыйға берілген пәтерін тартып алғаны туралы ақпарат тарады.

ОЛ ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ, БІЗ ОНЫҢ РУХЫН СЫНДЫРДЫҚ

2015 жылғы Таиландта өткен Азия чемпионатында алтын медаль олжалап, рухымызды асқақтатып, көк байрағымызды аспандатқан арда ұлдың еңбегіне берілген үй өзге біреуге сатылып, меншігіне өтіп кеткен. Алты жыл бұрын Айдар Қазов Таиландтан Азия чемпионы болып оралғанда, сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтановтың қолынан екі бөлмелі пәтердің кілтін алған болатын. «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйенерге жарар ол» деп хәкім Абай айтқандай, облыс басшысының мәрттігіне біз де сүйсіндік. Сүйсінгеніміз ұзаққа созылмайтынын қайдан білейік, ол кезде. Жергілікті ақпарат құралдарынан бастап республикалық басылымдарда ақжолтай жаналық жарияланып, теледидардан көрсетіліп, радиодан айтылған. Өңірді басқарған Ерік Сұлтановтың қолынан «Мечта» тұрғын үй кешенінен екі бөлмелі пәтердің кілтін алып көңілі көк тіреген атлет те ағынан жарылған болатын. Облыс басшысына, тұрғын үй құрылысын жүргізген компанияның директорына алғысын жаудырып, ризашылығын білдірген де. «Жас өркен» шағынауданындағы әсем кешеннен баспана тип, ауыр атлеттің мерейі тасыған.

Айдар Қазовқа баспана 2016 жылы, яғни Азия чемпионы атанған соң берілді. Көпшіліктің көзінше, жарияға жар салып, алты Алашқа сауын айтып берген пәтер сыйға тартылғанымен, оның құжатын рәсімдеу бар емес пе? Айдар батыр сонда пәтер берілген соң



аңғалдығына салып, алаңсыз жүре берген бе? Құжатын реттеп, қысқа күнде қырық құбылатын мінезге бай әкімдік өкілдеріне өңешін соза бермей неге қарманбалы екен дегенбіз жайсыз жайтты естігенде. Сөйтсек, мәселенің мәйегі тым тереңде екен, бойлаған сайын ұйығына тарта береді. Басына баспана тиген соң-ақ Айдар Қазов құжаттарын рәсімдеу үшін аяғынан тозады. «Мечта» тұрғын үй кешеніндегі пәтерін өз атына рәсімдейін деп барса, пәтер банкте кепілде тұр екен. Бұл қалай болғанын білмекке құрылыс компаниясының директоры Александр Авдеевке келеді. «Казградстрой» құрылыс компаниясының директоры Авдеев ауыр атлетке сыйға берілген үйдің расымен де ипотекалық бағдарламамен байланысты екенін, банктен қалай кепілден алынады, бірден Айдарға аударылатынына сендіріп, арқасынан қағалы. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» деп спортшы күтеледі. Сырғып 2018 жыл да келеді. «Мечтада» арманы орындалмайтынын айтып құрылыс компаниясындағылар Қазовты «Қызылжар» деп аталатын тұрғын үй кешенінен басқа пәтер ұсынады. Ол жаққа көшіп барса болды, құжаты бірден өз атына аударылады деп имандай сендіреді. Батыр аңғал ғой қашанда. Әрлеу, әктеу жұмыстары шала бітіп, асығыс тапсырылған тұрғын үйден пәтерде өз ақшасына жөндеу жұмысын жүргізеді. Жеке мүлкі ретінде тіркеліп, құжаттары дереу рәсімделуі тиіс бұл пәтер арада уақыт өткенде басқа біреуге сатылып кетеді. Сонда құрылыс компаниясы әу баста ауыр атлетке тиесілі екі бөлмелі пәтерді облыс әкімі арқылы сыйға берген соң, ол үйден шығарудың қитұрқы амалын осылай жасаған болып тұр.

Енді екі оттың ортасында қалғандай пұшайман күйге түскен ауыр атлет қайтеді? Темірдей мінезі бірден морылып кетпей ақырына дейін арпалысады. Әкімдікке барса, талап бойынша Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне ғана пәтер беріледі екен жергілікті билік тарапынан спортшыларға. Айдар Қазов Олимпиада ойындарында жүлде алмаса да, құрлықта қара үзіп дара шықты, Универсиада ойындарында олжа салды. Қатар елінде өткен Азия кубогында қара үзді, Қытайдағы гран-при турнирінде толағайлығын танытты. Жасөспірімдер арасында да Азия құрлығында өзімен күші шендесетін спортшы жоқ екенін паш етті. Аз табыс емес қой мұның бәрі!

СКО әкімдігі талап бойынша Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне ғана пәтер кезексіз берілетінін айтады. Олардың көмеіінің арғы жағында «Қазов Олимпиада медалін алмады» дегенді айтпақ қой. Рас, Айдар Жазғы Олимпиаданың жүлдесін алған жоқ. Дегенмен өте талантты спортшы. Кезінде әйгілі маман Әнуар Түркелері осы Айдарға ерекше назары ауып, «Түбінде Олимпиада чемпионы атанады» деп баға берген еді. Бүтіндей бір отбасының асыраушысы, дарынды спортшыны жылы ұсынан айыру кімге оша береді? Әкесінен тым жас қалған, анасы да өмірден озғанына бірнеше жыл болған Айдар — екі қарындасының арқа сүйер ағасы. Осы жағын да ескеріп, баспанасынан айырмау керек болды. «Мынандай шырмауықтай шырмаған шығарлаңнан шаршап та кеттім. Спорттағы сапарымды аяқтайтын шығармын», — дейді. 28 жасқа толатын таланттың жолын осылай кескеніміз өкінішті-ақ. Бұдан кейін болашақта Олимпиада ойындарының жеңімпазының, әлем чемпиондары шығады деп неменемізге сеніп күпсінеміз? Бүтіндей бір облыс басшылығы қазақтың арда ұлына аядай ғана пәтерді енші етіп бере алмауы сүйектеріне таңба!

Қуаныш РАХМЕТ,
Алматы қаласы

ҚАРАПАЙЫМ САУАЛҒА – СОЛҚЫЛДАҚ ЖАУАП

«ЕГІЗ ЖАУАП»

«Caravan» редакциясы жауап алғысы келген сұрақтар қандай қарапайым болса, жауабы да онай көрінеді. Олар мынадай сарында: Зандағы өзгерістермен байланысты бюджет табысы қандай? Әлде ол ұтыла ма? Ұтысқа ақшалай бәс тігетін әуесқойлардан түсетін салық көлемі қандай? Заң жобасын әзірлеуге қаржы министрлігінің экономистері мен ұлттық экономика министрлігінің қаржыгерлері қатысты ма? Олардың пікірі қандай?

Жауап алдымен қаржы министрлігінен келді. Оны бұрынғы билеңдерімізбен салыстыру тіпті қызық болды. Министрлік бұл жобадан түбегейлі бас тартып отыр екен. Қаржы министрлігі «түсініксіз» букмекерлік кеңселермен бас қатыруды қажетсінбейді.

Іле-шала ұлттық экономика министрлігінен де жауап келді. Ол да бізді таң-тамаша қалдырды. Хаттың жартысынан көбі, үтір, нүктесіне дейін, қаржы министрлігінің жауабын қайталаған. Бұл нені білдіреді? Енді осыны анықтайық.

Мәдениет және спорт министрлігі қалайша букмекерлік кеңселердің үйлестірушісі болды? Әдетте лицензияланған қызметті қаржы министрлігі бақыламай ма?

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысына сәйкес, ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орган — Мәдениет және спорт министрлігі», — деп жауап берді бізге ұлттық экономика вице-министрі Мейіржан Юсупов.

Ұлттық экономика министрлігі «үйлестіруші орган ретінде» «Ойын бизнесі туралы» Заңға түзетулер әзірлеуге қатысты. Сөйтіп олар қаржы министрлігінің жауабын толығымен дерлік қайталайды: «Мұндай заң жобаларын қарау кезінде ... біздің министрліктің өкілдері оларды қарау үшін жұмыс топтарына енгізіледі».

ӨЗГЕРМЕЙТІН ҮШТІК

«Жобадағы өзгерістер қаржы министрлігі және ұлттық экономика министрлігімен келісілмеген» деуге келмейді. Қос мекеме де өз қызметкерлерінің жұмыс тобына қатысқанын алға тартады. Бірақ жұмыс тобындағы бұл мамандардың сөзі ескерілді ме? Бұл енді басқа мәселе.

ақтап алуға тырысатын сияқты: «Біз жұмыс істедік, бірақ бұл мәселеге мәдениет және спорт министрлігі жауапты және осылай болды» дегендей.

Егер бұл принципті мәселе болса, Ақтоты Рахматуллақызының жанында ең болмағанда бір вице-министр болар еді. Немесе екеуі бірдей. Қаржы және ұлттық экономика министрлігінен. Әрі олар депутаттардың бүкіл ұсынысын тойтаратын еді. Себебі күресуге тұратын нәрсе бар. Мәжіліс ақырында мәдениет министрлігінің шынымен де Қазақстанда ставкалардың көлеңкелі нарығы қарқынды

олар декларациясын осы жылдың наурыз айында тапсырады».

Демек экономиканың осы саласына заңның әсері туралы нақты дерек жоқ. Болған күннің өзінде оған сене алмайсың. Өйткені букмекерлік кеңселердің корпоративтік табыс салығын төлеушілер ретінде ауысуымен бір уақытта мәдениет министрлігі осы саладағы барлық статистиканы барынша бұрмалайтын Ставкаларды есептеу орталығын (ЦУС) құруда. Осылайша, ұлттық экономика министрлігі шынымен де Қазақстанда ставкалардың көлеңкелі нарығы қарқынды



жағалауында, Қорғаста және Алматыдан 16 шақырым қашықтықта орналасқан Ақбулақ ауылында ойын орталықтарын құрғысы келді.

Министрдің дәйегі де қарапайым болып көрінеді: «Біздің алдымызда туристік қызметті кеңейту және халықаралық деңгейдегі жаңа туристік кластерлер құру міндеті тұрғандықтан, бұл аймақтар инвесторларды тарта отырып, жаңа халықаралық кластерлер құруға үлес қосады деп болжанып еді. Сонымен қатар, бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуды көздедік».

Оған қоса, Ақтоты Райымқұлова ханым азаматтардың денсаулығына қатты алаңдайды: «Бұрынғы ойын аймақтарында біз халықтың экономикалық белсенді бөлігінің құмар ойындарға тартылу деңгейі өте жоғары болғанын байқаймыз».

ДӘРМЕНСІЗДІК

Үкіметтің экономикалық блогы өзін осындай шым-шытырық тілектерден арашалап алды. Барлығы алдын ала шешілген сияқты. Құмар ойын аймақтарын құруға рұқсат етілмейді. Онда тым құрығанда

Осы аптада «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да Қордың басшысы Ахметжан Есімов пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі басшысы Алик Шпекбаевтың қатысуымен «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің ашылуы өтті. Жобалық кеңсе сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жою, адалдық идеологиясын насихаттау және Қор компаниялары тобының корпоративтік басқаруындағы қоғамдық бақылауды күшейту мақсатында құрылған.



АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

«Samruk Business Forum» отандық кәсіпкерлерді қолдау форумы барысында Мемлекет басшысы Қор нысандарын 2025 жылға дейін тиімді және ашық жекешелендірудің міндетті құралы ретінде қоғамдық бақылауды атап өтті.

Бірлескен іс-қимылдарды талқылау барысында А.Есімов Қор мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға белсенді қатысып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын барлық бизнес процестерге егжей-тегжейлі талдау жүргізетінін атап өтті. Холдинг осы салада үлкен тәжірибе жинақтады. Қор басшысы атап өткендей, сатып алулар әрдайым сыбайлас жемқорлық сипатында болып саналатын және Қор қабылдаған шаралар бұл тәуекелдерді едәуір төмендетуге мүмкіндік берді.

ішінде тәуелсіз тестілеу мен жеке қасиеттерін бағалаудың көпсатылы жүйесі енгізілді. Бұдан басқа, Қорда түрлі мамандықтар бойынша отандық жоғары оқу орындарының үздік студенттерін іріктеуге мүмкіндік беретін «Жас Өркен» және «Цифрлық жаз» бағдарламалары табысты жұмыс істейді. Осы шаралардың нәтижесінде 2020 жылы кадрлардың ауысуы алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе азайды. Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі басшысы А.Шпекбаев Қордың «Адалдық алаңы» ашық жобалық кеңсесі аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды өзгерістерді бастауға және адалдықты насихаттауға деген ұмтылысын оң бағалады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры «Адалдық алаңы» жобасының тәжірибесін қабылдаған



«Самұрық-Қазына» тобының барлық сатып алулары қазіргі уақытта бірінғай электрондық жүйеде ашық түрде жүзеге асырылады. Бұл тапсырыс беруші мен өнім берушінің тікелей байланысын болдырмайды және кез келген адам сатып алу жоспарларымен, тендерлердің қорытындыларымен және жасалған шарттармен таныса алады. «Бір көзден сатып алуды өткізу үшін барлық негіздер түбегейлі қайта қаралды. Осының есебінен тек соңғы жылдары бір көзден сатып алу 5 есе қысқарып, бәсекелі сатып алу саны 6 есеге артты. Бұл бизнес үшін бәсекелестік ортаны айтарлықтай кеңейтіп, олардың ашықтығын қамтамасыз етті», — делі

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арасында алғашқылардың бірі болып табылады және бұл Қор басшылығының корпоративтік парасаттылық қағидаттарын ұстануының дәлелі болып табылады. Оны күшейту мақсатында превенцияның ведомствоішілік жүйесін құру аса маңызды», — деп атап өтті А.Шпекбаев. Іс-шараға қатысушылардың пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және корпоративтік адалдық стандарттарының сақталуын бақылаудың тиімді тетігі халықаралық тәжірибеде өзін көрсете білген тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мен ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты



А.Есімов. 2020 жылдың басынан бастап шарттарға электрондық түрде қол қоюға мүмкіндік беретін опция енгізілгенін атап өткен жөн. Сондай-ақ орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоюдың электрондық нысаны мен электрондық өтініштер модулі енгізілді. Бұл тендерге қатысушыларға бұзушылықтар туралы өтініштерді онлайн режимде Қорға жіберуге мүмкіндік береді. «Самұрық-Қазына» АҚ төрағасы Қор үшін маңызды мамандарды ашық түрде қабылдауды қамтамасыз ету екенін атап өтті. Бұл үшін кандидаттарды іріктеудің, соның

болып табылады. Іс-шара соңында тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Жана жүйе әлеуметтік зерттеулер нәтижесін «Нысана» call-орталығында жинақтап, еліміздегі ірі компаниялармен еншілес ұйымдардағы қызметкерлерден түскен өтініш пен шағымды қарайды. «Нысана» call-орталығының арқасында барлық қызметкерлердің талап-тілегі ескеріледі. Орталықтың басты қағидасы — өтініштерге дер кезінде әрі нақты жауап қайтару.

(өз тіліміз)

(Басы 1-бетте)

Жас qazaq: Арман мырза, мемлекеттік тіл талабын қойғаныңыз үшін сын естіп жатқан көрінесіз. Қазақ тілін мәжбүрлеп үйрету: талабыңыз — демократиялық қоғамның ұстанымына қайшы емес пе? Тіл — нәзік тақырып. Мұны тізеге басып, күшке салуға болмас. Бұл ойға қалай келіп жүрсіз?

А.Қани: Қазақ тілі проблемасын о баста, Кеңес үкіметі кезеңінде Алаш қайраткерлері көтерген еді. Одан кейін жабық тақырыпқа айналған тіл мәселесін астыртын әрекет еткен ұлтшылдық бағыттағы ұйымдар көтерді. Сөйткен есіл ерлер атылды, жер аударылды, абақтыға қамалды, саяси қудалауға ұшырады. Ақыры 1989 жылы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді де, тіл түйіні шешілген сияктанды. Ол кезде кеңес империясының құндылықтарын, орыс халқының қоғамдағы «ағалық» орнын, орыс тілінің үстемдігін қорғаушылардың қарасы қазіргіден әлдеқайда қалың еді. Сондай күрделі жағдайға қарамастан, егемендік қарсаңында құрылған «Невада-

«халқы түгелдей орыстанған» деген пікірді ұстанушылар ұшқары ойлайды. Айталық, Павлодардағы сияқты тіл тартысы Нұр-Сұлтан мен Алматыда да бар. Тіпті қазағы басым батыс пен оңтүстік аймақтардың өзінде тіл түйткілі әлі толық шешілген жоқ.

**БІЗДІҢ ОБЛЫСТА
ЕРМАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ
АТАУЫНАН БАСТАП
КӨПТЕГЕН ЕАДІ**



Арман ҚАНИ:

ОТТЫ ОТПЕН СӨНДІРЕДІ. ТІЛ ТАРТЫСЫ БАР ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ

Семей», «Азат» сияқты қозғалыстар мен «Қазақ тілі» қоғамы отарсыздандыру бағытында таудай істерді тындырды.

Егер БҰҰ алаңында көк туымыз көтерілген кезде Парламентіміз мемлекеттік қызметкерлерге іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді міндеттейтін заң актілерін қабылдаса, тиісті органдар ол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағаласа, өзге әлеуметтік топтар қазақ тілін өздігінен үйреніп алатын еді. Сөйтіп егемендіктің 30 жылдығында республика жұртшылығының басым бөлігі қазақ тілінде емин-еркін сөйлейтін еді.

Заң жүзінде батыл қадамға бармай, үгіт-насихат жұмысы арқылы тіл проблемасын шешу мүмкін емес екенін уақыттың өзі көрсетті. Қазіргі кезде министрлер мен депутаттар керек қылмаған мемлекеттік тілді қарапайым еңбек адамдары қажетсініп үйрене ме? АҚШ, Ресей, Батыс пен Балтық бойы елдерін айтпай-ақ қояйық, Монғолияның өзінде мемлекеттік тілді ментермеген азамат мемлекеттік қызметте жұмыс істей алмайды ғой. Мұндай мысалдардың жүз мыңдағаны айтылды, жазылды. Тіпті Мәжілістегі биік мінберлерден қаншама жылдан бері тіл мәселесі көтеріліп келеді. Солай бола тұра, мемлекеттік тілдің әлеуетін көтеретін заң қабылданған жоқ.

Әбіш Кекілбаев ағамыз депутат кезінде: «Оларды «Мерседес» мінгізіп шетелге емес, есек мінгізіп ауылға жіберу керек. Тіл үйренсін. Ауылдағы қазақтың күнкөрісін көрсін», дегені есімізде. Әбекең бақиға аттанып кеткеннен бері қанша жыл өтті. Бірде-бір шенеунік тіл үйрену үшін көк есек мініп, ауылға барған жоқ. Менікі де сондай шарасыздықтан айтылған ызалы сөз ғой.

Жас qazaq: Біз де сіздің ашынғаннан айтқаныңызды біліп отырмыз. Жалпы теріскей өңірдегі қазақ тілінің хәлі қалай, шынымен де сіз жазғандай, қатал талап қоятындай мүшкіл ме? Бәлкім, тіл түйінін шешу үшін күшке салмай, адамның санасын өзгерту керек шығар?

А.Қани: Өз басым Ертістің Кереку өңірін өзге аймақтан бөліп-жарып қарауды құп көрмеймін. Павлодар атауы орысша болғандықтан,

**МЕКЕНДЕРДІҢ АТАУЫ
ҚАЗАҚШАЛАНДЫ.
ОБЛЫС
ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ
ДЗЕРЖИНСКИЙ,
КУЙБЫШЕВ, СВЕРДЛОВ,
КАЛИНИН, ЛЕНИН,
КУТУЗОВ, СУВОРОВ
СИЯҚТЫ ПАТШАЛЫҚ-
КЕҢЕСТІК ЗАМАН
ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ
ЕСІМДЕРІН ДӘРІПТЕЙТІН
КӨШЕЛЕРДІҢ АТАУЫ
ДА ӨЗГЕРТІЛДІ.
ҚАЛАДА КЕҢЕСТІК
КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚША
ОҚЫТЫП, ТӘРБИЕ
БЕРЕТІН БІР МЕКТЕП,
БІР МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ,
БІР БАЛАБАҚША ҒАНА
БОЛСА, МҰНДАЙ БІЛІМ
МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ САНЫ
ЕСЕЛЕП ӨСТІ. ДЕМЕК
БІЗДІҢ Өңір Көш
Соңында Қалған
ЖОҚ, ТІЛ ТАРТЫСЫН
«ПАВЛОДАРЛЫҚ»
ДЕП АТАУҒА
БОЛМАЙДЫ, ДҰРЫСЫ,
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТІЛ
ПРОБЛЕМАСЫ» ДЕП АТАУ
КЕРЕК.**

«Тіл жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынұлынан бастап, зиялыларымыздың қайсысы қазақ тілі мәселесін көтермеді? «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген Елбасының сөзін өзгелерді былай қойғанда, Ақордадағы жайлы орынтақтарда отырған ұлықтардың өздері басшылыққа алды ма? Ендеше, сөзден іске көшу керек. Яғни мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді білуді міндеттейтін, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді мәжбүрлейтін заң қабылдануы керек. Бұл құқықтық қоғам құрған демократиялық елдерде қолданыста жүрген тәжірибе.

Жас qazaq: Қарағанды облысындағы Ақбастау ауылының тұрғындары орақ пен балғаны құлатып, орнына көк туды ілгендерге қарсы шығып, комсомолдың «қанқасын» қайтадан тұрғызыпты. Сіз кезінде Ермақтың ескерткішін құлатқан намысты жігіттердің қатарында болдыңыз ғой. Орақ пен балғаға жабысып отырғандардың дені өзіміздің

қаракөз қазақтарымыз екен. Бұл не: құлдық сана ма, әлде көнені ансау ма?

А.Қани: Менің ойымша, ондай елді мекендерде мемлекеттік, ұлттық идеология мүлде жүргізілмейді. Кеңес кезеңіндегі партия мен комсомол ұйымдарын ауыстыратын, олардың жұмысын егемен елдің мемлекеттік саясатына сәйкес жүргізе алатын қоғамдық ұйымдар құрылмаған. «Нұр

Отан», «Ақжол», «Ауыл» сияқты саяси партиялардың ауылдық ұйым өкілдері бұрынғы партком хатшысының құзіретіне ие емес. Оның үстіне, әлеуметтік желі арқылы Кеңес үкіметі кезеңін дәріптейтін түрлі жанрдағы материал ауыл тұрғындарының санасына теріс ықпал етеді.

Жас qazaq: Қазір біздің жастар шетелдің қаңсығына тансық. Еліктеу басым. Өткен аптада ғана қаракөз қыз-жігіттеріміз «Әулие Валентин күнін неге тойламадық?» деп әлемжеліні бүркылдатты. Жастар ұлттық құндылық пен мемлекет құндылығын көзінің қарашығындай қорғау үшін не істеуіміз керек? Сол жастарға жөн көрсететін зиялы қауымның міндеті не?

А.Қани:

**ОТТЫ ОТПЕН
СӨНДІРУГЕ БОЛАТЫНЫ
СИЯҚТЫ, ӘЛЕМЖЕЛІ
АРҚЫЛЫ ТЕРІС
КӨЗҚАРАСТАРҒА ҚАРСЫ
ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУІ
КЕРЕК. ОРТА, АРНАУЛЫ
ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
ӨЗГЕ ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТЫҚ
БОЛМЫС-БІТІМІМІЗБЕН,
ДІНІМІЗБЕН, ӨАДЕТ-
ҒҰРПЫМЫЗБЕН, ӨМІР
САЛТЫМЫЗБЕН
ҮЙЛЕСПЕЙТІН
ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ
ЗИЯНЫ ТАҚЫРЫБЫНДА
ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ
ӨКІЛДЕРІМЕН
КЕЗДЕСУ, БАСҚОСУДЫ
ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ
ӨТКІЗІЛІП ТҰРҒАН ДҰРЫС.**

Шығармашылық зиялы қауымының өз туындылары арқылы ұлттық идеологияны жүргізуге барынша атсалысуы, өз іс-әрекеттерімен өнеге көрсетуі азаматтық міндеті ғой. Ең бастысы, Қазақстанның экономикасы дамыған өркениетті елдердің алдығын сапынан орын алуы. Сол мүдделен шықсақ, ұлттық рухымыз толысып, жастарымыз өзге елдерге көз сату кемшілігінен арылады деген ойдамын.

Жас qazaq: Тіл майданындағы күресіңізге жеңіс тілейміз!

**Жарас
КЕМЕЛЖАН**

Өмірдің өзінен

Бүгінде коллектор қоңырау шалса, төбе шашымыз тік тұратын жағдайға жеттік. Несиені көшіктіріп, тіпті мүлде төлей алмай қалсаң, коллектор күнде хабарласатын «жақыныңа» айналады. Тіпті туысқаның да бүйтіп көп хабарласпайтын шығар. Бүгінгі әңгіме коллектор атаулыдан зәбір көргендер жайында болмақ.

Редакциямызға «коллектордың арбауына түсіп қалдым» деп, Алматы облысы Ұзынағаш ауылынан Айнұр есімді медбике хабарласты. Ол карантин мерзімі басталмай тұрып, еліміздегі бір банктен несиеге 100 мың теңге алады. Наурыз айында карантин жарияланған кезден кейін несиесін төлей алмайды. Себебі біресе жұмысқа шығып, біресе қайта үйде отырып, жалақысын мардымды алмайды. «Несиені 3-4 ай төлей алмай қалдым. Банктен қарызымның өсіп жатқанын ескертіп, 1-2 рет хабарласты. Ал осы қаңтар айында барлық шотымның бұғатталғаны туралы хабарлама алдым. Өйткені несиесі өсіп 180 мың теңгеге жетіпті», — дейді Айнұр.

Ең қызығы, Айнұр жақында коллекторларға алданыпты. Онда да коллектор екенін кейін білген. Ол әңгімесін былай жалғады: «Жақында телефоныма әлеуметтік көмек алыңыз» деген хабарлама алдым. Кейіннен бір жігіт хабарласып, онымен былай сөйлестік:

1-2 күнде қайтаратынын айтады. Қолындағы 90 мың теңгесін алып-ұшып банкке құйып, колл-орталыққа хабарласады. Несиесінің жартысын төлегендіктен шотын ашып беруді өтінеді. Телефонның арғы бетіндегі банк менеджері төлем толық өтелген жағдайда ғана шоттың бұғаттан



Алма ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
психолог:

— Халық несиені не үшін алады? Белгілі бір мақсатқа жұмсап, оны қайтарамын деп ойлайды. Бірақ кейінгі кезде оңды-солды алып, төлей алмай, қиын жағдайға тап болғандарды көріп жүрміз. Әр адамның психологиясы әр түрлі. Ал енді коллекторлардың алдап-арбап несиені төлеттіруі дұрыс емес. Бір жағынан алып қарасақ, олар тұрғындардың не нәрсеге мұқтаж екенін көріп тұр. Жаңды жерінен ұстап, адам психологиясына әсер еткісі келеді. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі — тұрғын үй, жалақының аздығы, мемлекеттің беретін көмегіне қарап отыру. Коллекторлар соны біледі. Бұл «психологиялық атака» деп аталады, яғни адамның әлсіз жерін, сенгіштігін пайдалану. Мысалы, бір заттың бағасы қымбат. Ал сол затты тегін беріледі десе, көп адам соны алып қалуға тырысады. Сондықтан қандай да бір ақпаратты ең алдымен тексеріп алу керек. Өкінішке қарай, көп адамдар әр нәрсенің ақ пен қарасы барын бағамдай бермейді.



— Айнұр ханым сәлеметсіз бе! Мен сізге Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік қорғау бөлімінен хабарласып отырмын. Сіз әлеуметтік көмекке зәру 3 мың азаматтың қатарындасыз. Сізге көмек ретінде 300 мың теңге жібергіміз келеді, қандай

шешілетінін айтады. Ол бұл туралы Нұр-Сұлтандағы жігітке хабарласып айтайын десе, 300 мың теңге жіберемін деген жігіттің телефоны сөндірілуі. Айнұр электрондық үкімет порталына хабарласып, әлеуметтік көмек туралы сұрайды. Ондағылар ондай көмектің



МАМАН КЕЧЕСІ

Руфат ИМАНБАКИЕВ, заңгер:

— Әрине, бүгінге дейін қарызын төлемей жүргендер қанша болса, олардың себептері де сонша дөуге болады. Бірі расымен де жұмыссыз. Екіншісінің денсаулығы сыр берген. Енді бірі келісімшартқа көрсеткен ұялы телефон нөмірін лақтырып тастап, жалған мекенжай туралы мәлімет беріп, қашып жүреді. Коллекторлар оған қарамайды. Олар өз жұмысын істеуі керек, яғни қарызды қалайда төлеттіру керек. Бұрын коллекторлар күн-түн демей, мазаны алып, қоңырау шала беретін. Енді жұмыс күндері 8.00 — 21.00 аралығында бір рет, ал аптасына үш рет жеке кездесуге құқығы бар. Сонымен қатар жұмыс күндері 8.00 — 21.00 аралығында үш рет қана телефон арқылы хабарласа алады. Бұдан асып кеткен жағдайда, Ұлттық банкке коллектордың әрекетіне қатысты арыз-шағым жібере аласыз. Ал коллектор сіз туралы, туысыңыз туралы ақпаратты көпшілікке жария етсе, 300 айлық есептік көрсеткіш (2021 жылға белгіленген АЕК — 2917 теңге), яғни 875 100 теңге әкімшілік айыппұл төлейді. Ал егер қылмыстық әрекеттердің белгілері болса, 2000 АЕК, яғни 5 834 000 теңге айыппұл төлейді немесе 2,5 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Банктер қартаны түгелдей бұғаттай алмайды. Тек жалақының 50 пайызын ғана ұстайды. Коллектор да осы талаптар шегінен шығып кете алмайды.

да бір шот нөміріңізді берсеңіз? — деді әлгі жігіт. — Кешіріңіз, бұл қандай әлеуметтік көмек? — деп сұрадым. — Қазір тұрмысы төмен, табысы аз тұрғындарға 300 мың теңгеден беріліп жатыр. Үкіметтің бір реттік көмегі. — Ойбу, оны қалай аударсыздар, менің шотым бұғатталуы ғой. Несием бар еді төленбеген. — Онда банкпен сөйлесіп, тым болмаса, несиеніңіздің жартысын төленіз, содан кейін шотыңызды ашып берелі. Тек бүгін сағат төртке дейін төленіз. Болмаса, сіздің қаржыңыз басқаға аударылады. Кезек күтіп тұрғандар көп. Осы әңгімеден кейін жанымды қоярға жер таппай бірден ақша іздеп кеттім, — дейді Айнұр. Ол жұмысындағылардан, таныстарынан сұрап жүріп, сол күні 90 мың теңге табады. Онда да таныстарына қарызды

болмағанын айтады. Артынан банкке хабарласса, ондағылар да ештеңе білмейтін болып шығады. Сонда Айнұрды алдап несиесін төлеттіріп алған кім?.. Келесі кейіпкеріміз Ерланның да оқиғасы Айнұрдыкіне ұқсас. Тек сюжеті басқаша. Ерлан бірнеше микрокаржы ұйымдарынан жылдам ақша алып, кейін карантинге байланысты өтей алмай қалады. Сөйтсе, микрокаржы деген нәрсе, күн сайын жоғары пайызбен өсе береді екен. Осылайша, ол 30 мың теңге аламын деп, 150 мың теңгеге қарызға кіріп кетеді. Барлық банк шоты бұғатталады. Несие тарихы бұзылып, ісі жеке сот орындаушыларына өтеді. Жақында Ерланға Нұр-Сұлтан қаласындағы әлеуметтік қорғау бөлімінен бір қыз хабарласады. Оның айтуынша, екеуінің арасындағы әңгіме былай болыпты:

— Ерлан Өмірзақұлы, сізге Нұр-Сұлтан қаласынан хабарласып отырмын. Есімім — Айдана. Қазір әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға төмен пайызбен тұрғын үй беруге тапсырма берілді. Алдын ала тұрғын үйге мұқтаж отбасылардың тізімі жарияланды. Егер үй кезегіне тұрғыңыз келсе, ең алдымен, несиесі тарихыңыз дұрыс болу керек. — Ой, қарындас менің несиесі тарихым дұрыс емес, төлем қартам бұғатталуы, маған қайдан үй бұйырсын...

Сауалнама

Бүгінгі оқырманның талғамы қандай? Ол қандай тақырыпқа көбірек көңіл бөледі? Байқауымызша, қалың көпшілікті саясат пен экономикадан гөрі көр-жер әңгіме қызықтыратын сияқты. Әсіресе, шоу-бизнестегі жұлдыздар туралы өсек-аяң, қандай да бір оқыс оқиғаға айрықша құмарту байқалады. Шынымен де солай ма, әлде біз қателесіп отырмыз ба? Jas qazaq ақпарат айдынындағы әріптестерге жүгінді.

ОҚЫРМАНДЫ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ?

Олжас ӘБІЛ, блогер:

«Әр саладағы тақырыптың оқырман көңілінен шығуы оны жазған адамға байланысты. Егер адам қарапайым тілмен жеткізе алса, ол өз оқырманын қалайда табады. Сондықтан мен қарапайым тілмен жеткізуге тырысамын. Қазіргі оқырман геосаяси мәселеге қызыға бастады. Өткенде Таулы Қарабақтағы оқиға туралы жазып едім, мыннан астам адам оқыды. Егер ол тақырыпты жазбасақ, ешкім көрмес те еді. Біздің қазақ тілді оқырмандарға мықты идеологтар, блогерлер керек. Баяғыда Алаш қайраткерлері 1913 жылы «Қазак» газетін ашты. Олар халыққа қандай жақсылық жасады? Ең алдымен, олар ағартушылықпен айналысты. Ескі хроникаларды қараған кезімде байқағаным, сол кездегі халық газетті сары майдай сақтап оқыған. Бізге де қазір осындай ағартушылық керек. Орыс тілді аудиторияны алатын болсақ, орыс пен украин контенттері әр саланы қозғайды. Біздегі блогерлердің ең мықты дегендерінің өзін оқи алмаймын. Мықты деп жүргендердің өзі бір жерден көшіреді. Бүгінде саясат туралы жазатын жас блогерлер өсіп келеді. Бізге мәдени, геосаясат, экономикалық салада жаза алатын мамандар керек. Әрқайсысы өз саласына машықтануы керек. Экономикалық мақалаларды терминмен емес, халыққа қарапайым тілмен жеткізетін мамандар керек. Осы кезде барып көптеген оқырманның көзі ашылады. Мен Қарабақ тақырыбын жазған кезімде көп оқырманның хат келді. Олар мынаны біз қызықты әңгіме ретінде оқыдық деп айтты. Білімді ағартушылары жоқ қоғам деградацияға ұшырайды. Бүгінде рейтинг үшін өсек-аяннан шыға алмай, біреудің жеке өмірін талқылайтын хабарлар көбейіп кетті. Әсіресе прайм-тайм уақытында халыққа осындайды көрсету сөнге айналды. Жалпы журналист жан-жақты болуы керек деп ойлаймын. Бізге мықты аналитик журналистер жетіспейді. Егер сарапшы журналистер болса, оларға сұраныс та жоғары болар еді. Бүгінде журналистердің жұмысын блогерлер басып алды. Менің ойымша, қазақ тілді 10-20 интеллектуал болса, мықты-мықты өз саласын жетік менгерген сарапшылар болса, халықтың санасына әсер етеді. Оқырмандар олардың пікірін оқып, жан-жақты тандау жасап, белгілі бір оқырмандардың ортасы қалыптасады. Бүгінде халық ақылды адамдарға шөлкеріп отыр. 2010-2013 жылдары Фейсбукте отыратындар вахабизм, сопылық, тәңірші сынды тақырыптарды қамтитын. Ал бүгінде бұл желіде түрлі тақырыптарды талқылауға болады. Халықтың көзі ашылды. Саясатқа, экономикаға, геосаяси тақырыптарға қызығушылық таныта бастады».



Айдос ЖҰҚАНҰЛЫ, журналист:



«Бүгінде барлық үйдің төрінде теледидар тұр. Телеарна — идеология құралы дейміз. Отыз жыл төрімізде тұрған теледидардан «Әзіл әлемі», «Ән мен әнші» сынды бағдарламалар әлі де көрсетіліп келеді. Сол бағдарламаны көріп өскен бала 1990 жылғы болса, ол отыз жасқа толды. Алдының 1-2 баласы бар. Екіншіден, бізде биліктегілердің көбі орыс тілді. Экономиканың негізгі тетіктерін ұстап отырған зауыт фабрикалардың басшылары орыс тілді. Қарапайым ғана мысал Өскемендегі мырыш зауыты. Түсті металлургия сынды зауыттардың 99 пайызы орыс тілді. Экономиканың кілті орыс тілділерде. Бұл жазылмаған заң ба, білмеймін. Шынымен де, орыс тілін білмесең, майлы, жалақысы жоғары жұмысқа орналаса алмайсың. Ол рас. Мәжбүрлі түрде орыс тілін білуге міндеттіміз. Тұрғындардың 45 пайызы ауылда тұрады. Олар жұмыс іздеп қалаға ағылады. Нан тауып жеу үшін орыс тілін үйренеді. Тіл мәселесін реттейтін қоғам емес, халық емес, ол — мемлекет. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде көтеру керек. Балабақшаны қазақшалау, мектептерде қазақ тілінің мәртебесін көтеру сынды жұмыстармен айналысуы керек. Орыс тілін тек шеттен келгендер үйренсін. Қазақ тілділердің құқығы бүгінге дейін бұзылып келе жатыр. Мен жергілікті халықты айтып отырмын. Ал елге келген 1 миллион орырман ше? Мен Моңғолиядан келген бір жігітпен кездестім. Елге келген кезде 3 жаста болған екен. Шығыс Қазақстан облысындағы Бескарағай ауылына көшіп келген. Ауылда қазақ болса да орысша сөйлегеннен, орыс тілін менгеріп алған. Қазақ тілді аудиторияның экономикалық, саяси ақпараттарды тыңдауына мүмкіндігі жоқ. Алаш қайраткерлері туралы жазған мақаламды Фейсбук желісіне салсам, оны 50 адам ғана оқиды. Ал бір жұлдыз туралы шулатып жазсам, оның оқырманы көп. Өйткені оқырманның санасы сол деңгейде. Олар саясатқа араласқысы келмейді. 18-35 жастағы жастардың үлесі — 45 пайыз. Олар осылай тәрбиеленіп келеді. Қай сайт қандай ақпарат бергісі келеді, ол өз еркі. Сондықтан қазір біз мемлекеттің қалыптасу жолындамыз. Бұл кезенді желшешек деп қабылдап, жеңіл-желпі әзілді уақытша бір құбылыс деп қабылдап, бұдан да өтіп кетуіміз керек. Химияда бір процесті жылдамдататын «катализатор» деген ұғым бар. Соны мемлекет тезірек қолға алуы керек. Түріктер «Сұлтан Сүлеймен», «Ер Тұғырыл» деген идеологиялық фильмдерін шығарып жатыр. Ал біз әлі жоқ жоңғарлармен соғысып жүрміз».

Арман ӘУБӘКІР, «Адырна» ұлттық порталының редакторы:

«Өте орынды мәселені қозғап отыр екенсіздер. Мен о баста «Адырна» сайтын ұлттық-этнографиялық бағытта ашқан болатынымын. 2016-2018 жылға дейін тарихи-этнографиялық деректі мақалалардың оқылымы өте аз болды. 2018 жылдан бастап қоғамдық-саяси мақалалар бере бастадық. Содан бері сайтымыздың оқырмандар саны артты. Тарихи тақырыптарға қарағанда, әлеуметтік, саяси тақырыптар көп оқылады. Ал егер белгілі бір жұлдыздар туралы ақпарат салсақ, оның оқылымы тіпті де көп. Неге десеңіз, бұл халықтың әлеуметтік жағдайымен де байланысты. Бәкім, шаршаған халық осындай жаңалықтарды оқып, демалғысы келетін шығар. Жеңіл ақпараттармен мын тынықтырғысы келететін шығар. Өйткені терен тарихи, саяси ақпараттан гөрі, жеңіл ақпаратты оқу оңай. Адам миына артық ақпарат жүктегісі келмейді. Мен осылай ойлаймын. Тек қазақтар ғана шоу-бизнесі оқиды деп айту қате. Бұл барлық елдерге тән нәрсе. Қай елде болсын, ғылыми бағыттағы мақаланы оқытандар сирек. Мысалы, шетелде белгілі бір жетістікке жеткен кәсіпкерлерді жиі көтермелейді. Ал біз әлі өншілердің шырмауынан шыға алмай жүрміз. Елімізде белгілі бір жетістікке жеткен кәсіп иелерін неге насихаттамаймыз? Ақпаратты қызықты әрі дәйекті таратуды жолға қоюымыз керек».



**Бетті дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА**



Байөлке аймағын жанадан бастап құрып шығу – бүгіндері айтуға оңай.

ЖЕҢІСХАННЫҢ ЖОЛЫ

Кезінде Жылыбайдың Мұқаны қазақ ішінен тандап алып оқытқан бір топ баланың бірі – Жеңісхан қатарлы аймақ басшылары ежелгі көшпенді өмірін сол қалпы тірлік еткен қазақ ұлтын отырықшылыққа бейімдеп, қала салдырып мекендетті. «Үй салуға материал жоқ, оны тасымалдайтын көлік жоқ» дегізбей, қолда бар мүмкіндікті пайдалана отырып, Сырғалы, Дайыннан қарағай кидырып, Қобда өзенінің ағысымен сал айдаатып, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың ғимаратын тұрғызу мәселесін шешті. Аймақ халқы үшін өркениетті қоғамның айқын нышаны алғаш пайда болып, көркейе бастады. Әкімшілік басқару құрылымы, қаржы-қаражат мекемелері, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, байланыс, ат өртен, автокөлік тасымалы, ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы салаларының негізі қаланды. Алғашқы кадрлық құрам қалыптасты. Халықтың дәстүрлі ұсталық, үй ағашылық, аңшылық т.б. кәсіптері тиімді пайдаланылып, халықтың еңбекке деген құлшынысы артты.

Жеңісхан – қазақтың төл жоралғылары мен салт-дәстүрінің жана қоғамда ұмыт қалмай, өз орнын табуына барынша ықпал жасаған басшы. Қыркыншы жылдары аймақта мешіт салдырып,

жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан шерлі жылдардың зардабы басыла қоймаған кез. Ең киын жері – аймақ орнауынан бір жыл бұрын,



БАЯН-ӨЛГИЙДІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН ҚАЗАҚ

Алыстағы ағайын

Біз Жеңісхан Дүзелбайұлы туралы айтып отырмыз. Ол – 1906 жылы қазіргі Баян-Өлгий аймағының Ұланқұс (Улаанхус) сұмынының Дайын өлкесінде Дүзелбай шаңырағында туған тұңғыш ұл. Әкесі ерте қайтыс болып, жастайынан жетім қалған. Шешесі Әніштің қолында бауырлары Әзімхан, Жүнісхан, Мінісхан, Рысхандармен бірге өседі. Олар жастайынан байлардың малын бағып, өмір сүрген. Жеңісхан өз бетінше арабша хат танып, Ақбалшықта малдың шикізатын алатын Иван деген орысқа жұмысқа тұрған.

Моңғолияда халық революциясы жеңгеннен кейін, Байөлке аймағында (қазақтар арасында *ауызекі осылай аталады*) Кеңес одағынан келген Абай Қасымов, Шәріп Өтеповтармен бірге жұмыс істейді. 1930 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне (*КУТВ*) оқуға түсіп, 1932 жылы бітіреді.

1932-1936 жылдары Шеруші хошууының (*әкімшілік бірлік*) сауда бөлімшесінің бастығы әрі үгіт-насихатшы жұмыстарын қатар атқарған.

1937-1938 жылдары Ховда (*қазақтар арасында Қобда деп аталады*) аймағы сауда ұйымының қызметкері болған. Содан бастап ел ісіне етене араласқан. 1938-1940 жылдары Қобда аймағы сауда ұйымының бөлім бастығы қызметін атқарды. 1940 жылы Ұлы Хуралдың (*Парламент*) 8-құрылтайына өкіл болып қатысады. 1941 жылдары Ұланбатырды Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы болған. Әрі партия орталық комитетінің қарамағындағы партия кадрлерін дайындау жоғарғы мектебін бітірген. Сөйтіп 1942-1943 жылдары Баян-Өлгий аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1943-1951 жылдары Баян-Өлгий аймағының бастығы болған. 1951-1964 жылдары монголбанктің аймақтық бөлімшесі бастығы қызметтерін атқарып, зейнетке шығады. Бұл Жеңісхан Дүзелбайұлының өмір жолындағы басып өткен бір тарау белестері ғана.

«Енбек Қызыл Ту», «Алтын жұлдыз» орденімен 2 мәрте марапаттаған. Жеңісханның сол жақтағы қазақтар үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Қайсыбірін жазуға болады? Мысалы, ол Байөлкеде жанадан құрылған ауыл шаруашылығы өндірісі, құрылыс, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет және өнер ұйымдарын жана белеске көтеру үшін қыруар еңбек етті. Қазақ балаларының сауатын ашу үшін қазақша білім беретін мектеп, балабақша, Жазушылар одағының бөлімшесін, құрылыс бөлімін құруға атсалысып, Ресейдің Таулы Алтай өлкесімен байланыс жасау арқылы малдың шикізатын өткізіп, орнына ұн-шай, шам-сіренке әкелетін 60 түйелі артель орнатып, халықтың мұқтажын өтеуге үлес қосқан. Қазақстаннан алғаш рет молда алдырып, мешіт салдырған.



Жеңісхан мен Цэдэнбал, 1965 жыл

Осы тұста елдің бір тобы **Боғда ханға бағынып, моңғолмен бірге боламыз деп, Да Хүрээге барып, ресми азамат атанды. Бұл сәтті қадам болғанымен, Боғданың сеніміне кірген жауыз Жалама қазақтарды арандатып, оларды Туваға қарай көшіруі – қасіретті жылдар ретінде ел есінде қалды.**

Зейнетке шыққаннан кейін өзінің туған жері Ұланқұс сұмынына мектеп ғимаратын, Қобда өзеніне ағаш көпір және машина-трактор паркін салу үшін жоғары жаққа хат жазып, қыруар шаруаға мұрындық болыпты. Оның өміріне шежіре, ұрпақтарына өнеге болғаны – Баян-Өлгийді құруы...

ҮРЕЙ МЕН АҚИҚАТ

XX ғасырдың бастапқы ширегінде Алтайдың Қобда бетін мекендеп жатқан казактар ежелден бері қалыптасқан дәстүрлі дала заңын басшылыққа алатын еді. Өз заңымен өмір сүріп, бір империяға бағынып, сол елдің лауазымдық шенімен ел басқаратын. 1912 жылы осы алып мемлекет Шың империясы құлап, орнында жанадан шаңырақ көтерген Боғда хандық Моңғолия мемлекетімен Қытайдың қайсысына бағыну керек деген таңдау Қобда беттегі казактардың алдында тұрды. Осы тұста елдің бір тобы Боғда ханға бағынып, моңғолмен бірге боламыз деп, Да Хүрээге барып, ресми азамат атанды. Бұл сәтті кадам болғанымен, Боғданың сеніміне кірген жауыз Жалама казактарды арандатып, оларды Туваға қарай көшіруі – қасіретті жылдар ретінде ел есінде қалды. Бұдан кейінгі ақ пен қызылдың бірін-бірі қууы елге аз ауыртыпалық әкелген жоқ. Ақтың қашқындарының «ат-көлік, азық-түлік әкеліндер!» деп зорлық-зомбылық көрсетіп, біраз адамды атып тастаған үрейлі оқиғасы естен шыға қойған жоқ.

Баян-Өлгийдің орнауынан 2-3 жыл бұрын ғана, яғни 1937-38 жылдары елдің сорпа бетіне шығатын билер мен байларды, молдаларды

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған еді. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, 1941 жылы Моңғолияның жалғыз одақтасы Кеңес еліне фашистік Германия шабуыл жасап, тарихта «Ұлы Отан соғысы» деп айтылатын қанды қасап 1418 күнге созылды. Бас қала Ұланбатырмен ұшқыр көлік арқылы желеп байланыс жоқ, жана орнаған аймаққа материалдық көмек көптен келуі де неғайбыл заман еді. Міне, рухани тұрғыда да, экономикалық жағынан да жан-жақты жағымсыз әсерлі, үрейлі заманда, сол тұстағы ат төбеліндей аз ұлттық кадрлын жеке басқару құрылымын, жана аймақты құрып шығуы – олардың қажымас жігеріі еңбегі, аянбай төккен тері, білімі мен парасатының арқасы емес пе? Ары-бері үркіншілік, зорлық-зомбылықтан әбден мезі болған елді болашаққа сеніммен қарауға үйретті. Жеңісхандай басшының болғанын Өлгийдің ақ шатырында



Қазақстаннан молда шақыруы, Байөлке орнауының 10 жылдық мерейтойында ұлттық ән-күйге толы мерекелік концерт қойдырып, қыз қуу, көкпар, айтыс ұйымдастырып, алтыбакан сияқты ұлттық ойынды халыққа тамашалатуы осының айғағы емес пе?! Сондай-ақ Жекең Баян-Өлгийдің малшы қауымын дәулетті болдыру мақсатында қаша салып, қой бағуды ерекше дәріптеді. Мал санын көбейткен озат шопандарды Ұланбатырдағы 1933, 1948, 1954 жылдардағы жаксы малшылар жиынына жіберу арқылы көптің ынта-жігерін арттыру сол кезде аймақтағы мал санының артуына үлкен септігі тиді. Осы еңбегі ел аузында әлі күнге дейін айтылады. Бұл да Жеңісхан Дүзелбайұлының ұтымды істерінің бірі еді. Баян-Өлгийде алғашқы көлік жолдарын сенбілік жасау арқылы салуды бастама етіп көтеріп, барлық сұмынды (*ауыл*) аймақпен жалғайтын жолдың алғашқы негізі қаланған екен.

РЕСЕЙДІҢ ТІЛІН ТАПҚАН

Баян-Өлгий аймағы алғаш орнаған жылдары халық арасында ішпек-жемек, киім-кешекке қажеттілік көп болды. 1940 жылы Байөлкенің орнауының алдында сауда саласында 10 жылдай істеген тәжірибесін пайдалана отырып, Жеңісхан



Цэдэнбал Жеңісханның үйінде, 1981 жыл

Жеңісханға Қызыл Армиядан сый



Ресейге, Хатталға түйе керуенін жасактап жүргізуді жолға қойды. Майын келісе отырып, елден түйе мен кіреші жалдады. Сөйтіп мал өнімдерін кеңес әскеріне жиған көмек қорын тасып, керуеннің қайтар жолында аймақ халқының азық-түлік пен әртүрлі тауарға қажетін өтеп, бұл қиындықты да шеше білген.

Қиын-қыстау күндері көмек қолын созған Баян-Өлгийдің бұл көмегін Кеңес одағы зор бағалап, соғыстан соңғы кезеңде қарымта көмекті де көп жасаған. Бұл Жеңісхандай азаматтың басшылығының арқасы емес пе?

Увсыдан шыққан үкімет басшысы Ю.Цэдэнбал 1940 жылдың басында Батыс өлкеге келіп, кеңес билігімен келісім жасаған кезде, Ақкөл жалғастыру базасын Увсының Хандгайтасына көшірке болған. Осы кезде Жеңісхан қатты табандылық танытып, кеңес өкілдерінің көзін жеткізу арқылы Ақкөл жалғастыру базасын орнында қалдыруға үкімет басшысын көндірген екен. Ақкөл жалғастыру базасы мен Қызылүй шекаралық, кедендік өткелегінің Баян-

Баян-Өлгийдің алғашқы әкімі Жеңісхан Дүзелбайұлы қолдап, ел иесі, маршал Чойбалсан өзі мақтау айтып, оң жол сілтеген соң, сол 1940 жылдардан бері Өлгей өлкесінде бүркітшілікке билік тарапынан ешқашан шектеу қойылып, қысым жасалмай, атадан балаға мирас болып келеді.

Өлгий халқына қызмет етіп, аймақ бюджетіне комақты қаржы құйып, жүздеген отбасы осы салада нәпақасын тауып жеп жүрген болса, осы игілікті істе Жеңісхан Дүзелбайұлының өлшеусіз үлесі бар екенін біле жүргеніміз артық болмас.

ҚАЗАҚСТАННАН МҰҒАЛІМ ШАҚЫРҒАН

Баян-Өлгий халқын аз уақытта сауаттандырып, жанаша хат таныту мақсатында Қазақстаннан мұғалім шақыру туралы талап-тілекті жоғары билік орындарына дер уақытында дұрыс жеткізудің арқасында, 1940 жылдан бастап Баян-Өлгийдің барлық өлкесіне Қазақстаннан түрлі пәндер бойынша ұстаздар келіп, сауат ашып, білім беруге мықтап атсалысты.

Аз ұлттар кеңесінің орынбасары Ж.Мұқаның ұйымдастыруымен Жекеннің өзі де алғаш 1930 жылы Ұланбатырда оқып жүргенде, бір топ жолдастарымен бірге «Біз Қазақстаннан қазақша оқимыз, сонда жіберулеріңізді сұраймыз!» деп сонау 1930 жылдың өзінде МХР басшылығына талап-арыз айта білгендігінің арқасында үкімет ойлана келе Мәскеуге аттандырып, сонда қазақша, орысша білім алғандығын атап өткен жөн. Сондықтан да Жеңісхан қазақша білім алудың мәнісі мен пайдасын жаксы білетін еді.

Осы іс кейінде жалғасын тауып, Баян-Өлгий қазақтарының мәдени өмірінде бетбұрыс жасау үшін Қазақстаннан музыка, сахна мамандарын шақыртып, ел ішіндегі Б.Ақжан, Ж.Қибадтолда, Р.Байсхан, Ж.Ром, О.Қайжамал т.б. өнерлі жастарды заманауи өнерге тарту арқылы қазіргі қазақ драма театрының бастамасы – Қызыл бұрыштар құрылған еді. Қазақстандық кадрлардан үлгі алған сол алғашқы қарлығаштар біраз жыл өткенде әдебиет пен мәдениеттің майталмандарына айналып, мемлекеттік атақ пен сыйлықты иеленуіне Жеңісхандай өнерді сүйген өнерпаз әулеттен шыққан басшының қолдауы мен қамқорлығы тиген. Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов 1967 жылы Байөлкеге келген сапарын қорытындылай отырып: «Сіздерге сыбызғы мен құсбегілік бұрынғы бәз қалпында сақталыпты. Бізде бұл екі өнер де жоғалудың алдында», – деп күйініпті. Мұнысы Өлгейдегі рухани құндылықтың жоғары деңгейде сақталуына берген баға болса керек. Мұны да жұрт Жеңісханның игі ісінің бірі деп біледі.

БҮРКІТШІЛІКТІ ТҰҒЫРҒА ҚОНДЫРДЫ

Баян-Өлгийде құсбегілік өнердің қазіргі заманға дейін лайықты жалғасын тауып, мықтап дамып, туризмнің көрігін қыздырып отырған салаға айналуына Жеңісханның қолтанбасы бар. 1939 жылы маршал Чойбалсанның Батыс аймақтарға сапармен Қобладан біздің өлкеге келгенде, Жеңісхан жол көрсетіп ере жүріп, ұзақ жасаған Зымыран апамен жүздестірумен бірге, қазақтың бүркітшілік өнерін көрсетіп, бүркіт жайлы қызықты әңгіме айтып берген екен. Сапары аяқталып, Қобдаға барған соң Чойбалсан жиналыста: «Қазақтың бүркітшілігі қандай керемет өнер! Бүркітпен-ақ көп пайда тауып отыр екен», – деп әсерін қорытындылапты. Мұны да жұрт Жеңісхан Дүзелбайұлымен байланыстырады.

1933 жылы сауда ұйымының бастығы болып тұрғанда, аң терісін жиюға осы бүркітшілерді ұтымды жұмылдырып отырыпты. Қолында бір жылы 30 бүркітке дейін ұстап баптайтын домбырашы Сағынған атасының өнерін жасынан көріп өскендігі осы ұлттық құндылыққа деген жанының жақындығы болар.

1960 жылы алғаш құрылған аңшы, бүркітшілер қоғамы жиналысына Жеңісханның қатысуы осы өнерге деген жанашырлығын айғақтайды. Баян-Өлгийдің алғашқы әкімі Жеңісхан Дүзелбайұлы қолдап, ел иесі, маршал Чойбалсан өзі мақтау айтып, оң жол сілтеген соң, сол 1940 жылдардан бері Өлгей өлкесінде бүркітшілікке билік тарапынан ешқашан шектеу қойылып, қысым жасалмай, атадан балаға мирас болып келеді. Тіпті бүгінгі күні саятшылық Моңғолияның туристік брендiне айналып отыр. Бүркітші Айшолпан қызды әлем таныды. Қазақтың бүркітшілік өнерінің бұлайша самғауы – сонау қиын замандардың өзінде Жеңісхан Дүзелбайұлының жоғары жақтағы басшылардың көңілін тауып, батасын алғандығынан...

Байөлкенің материалдық, рухани тұрғыда қазіргі кемеліне келген, кемеріне толған қалпы бір күнде бола салған жоқ. Оның басып өткен бұралан жолын бүгінгі ұрпақ ұмытпауымыз керек. «Мен көргенде бұл Өлгей, сылдыраған тас қана» деп әлдебір ақын жазғандай, жоқтан бар жасап, қолда бар азды дұрыс ұқсатып жүріп, жұртты жиып ел қылған ерен тұлға Жеңісхан Дүзелбайұлының өмір жолы мен жасаған еңбегі ұрпаққа мәңгілік мақтаныш! Жеңісхан Дүзелбайұлы – Моңғолия қазақтары үшін елім деп туған ер. Ақсақал 1993 жылы 14 ақпанда 87 жасында дүние салды.

Жанарбек АҚБИ, журналист-альпинист
Баян-Өлгий аймағы, Моңғолия



ӨНЕР Алатаудың арғы бетінде өнерімен көптің көңілін жаулаған бір ару бар. Тамила Маматова есімді мүсінші қызды әлеуметтік желі арқылы қазақтар да танып-біліп, туындыларына қызығып жүр. Былтыр ол өзі сомдаған Шыңғыс Айтматовтың мүсінін Фейсбук парақшасына салып, саф өнердің қандай болатынын көрсетіп бергендей еді.

Бұлай деуіміздің төркінін түсінген шығарсыздар. Соңғы жылдары біздің мүсіншілер ұлы тұлғалардың мүсінін жасаймыз деп бүлдірген жок па? Ал Тамила саз балшықтан Шыңғыс Айтматовтың бейнесін мінсіз орындаған. Осы жұмысы үшін шеберге қазақтар да ризашылығын білдіріп, чон рахмет айтты.

Біз қырғыз айылында туып, балшықтан бұйым жасап өскен арумен телефон арқылы тілдестік. Мүсінші Жалалабад облысының Алабұқа ауданына қарайтын Келте ауылында туып-өсіпті. Тұрғынбай Садыков атындағы Ұлттық көркемсурет академиясынан жоғары білім алған. 2012 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Илья Репин атындағы көркемсурет академиясына түсіп, 2018 жылы бітіріпті.

Шыңғыс Айтматовтың мүсіні – Тамиланың диплом жұмысы. Арнайы тапсырыспен жасалған

Айылдан

дүние емес. Соның өзінде ұлы жазушыға жан бітіргендей шынайы, көркем туынды. Бізге берген сұхбатында мүсінші қыз жазушыны бала жасынан жақсы білетінін, кез келген қырғыз үшін Шыңғыс бейнесі Алатаудай асқақ, Ыстықкөлдей терең екенін айтты. Жазушы бейнесі әр қырғыздың көңілінде солай қалыптасқан.

«Мен адам бейнесін жасайтын кезде, оның географиясы мен өмірбаянын, шығармашылығын көп зерттеймін, — деп бастады ол әңгімесін. — Сол дәуірді, айналысқан кәсібін, фото-видео мұрағаттарды ақтарып, жақындарымен танысып, қысқасы, «кейіпкерімді» өзімнің әке-шешемдей жақсы танып алуым керек. Содан кейін ғана эскизін жасай бастаймын», — деді.

Тамила былтыр Абайдың 175 жылдығына орай, қазақтың бас ақынының бюстің жасапты. Терең ойға шомған һәкімнің бейнесін қоғам қайраткері Арман



— Абай Құнанбайұлының бейнесін жасағанда үлкен жауапкершілікті сезінген шығарсыз? — деп сұралды.

Тамила Маматова: «Бұл шағын бюст қана. Бірақ мен үшін жарты бейне бола ма, толық тұлғасы бола ма, екеуіне бірдей дайындықпен, бірдей жауапкершілікпен барамын.

Мысалы, біз



сұлулық символы болған «Афродитаға» ғашық болмаған адам болмапты. Италия мен Қырым сапарында сомдаған «Қырғыз қыздары» — шығыс қыздарының типтік образындай болған көрінеді. Батыстың өнер сыншылары

Тамиланың қолынан шыққан туындыларға қарап, «Әйел бейнесінің нәзік қыр-сырын меңгерген мүсінші» деп баға беріпті.

Қолына тастай ауыр кескіш (болгарка) алып, шарықтан ұшқан шанды жұтып, саз балшықтан илеп мүсін қалыптау оңай ма? Оның үстіне, табиғаты нәзік бойжеткен үшін бұл тіпті де қиын шаруа. Өзі ісіне ынтық болуының сырын Тамила: «Қырғыз өнерін әлемге таныту. Сұлулық жарату» деп түсіндірді.


Жарас КЕМЕЛЖАН



Шораев Көкшетауға алдырып, Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары казак педагогикалық колледжіне тарту еткен. Коладан құйылған бюст — Абайдың Көкше өңіріндегі алғашқы бейнесі.

мектепте Абай өлеңдерін оқыдық. Бюст жасайтын кезде, ақын туралы жазылған біраз енбекті, зерттеулерді қарап шықтым. «Абай жолын» толық оқыдым деп айта алмаймын, бірақ орысша нұскасына көз жүгірттім. Егер болашақта Қазақстаннан тапсырыс түсіп, ақынның толық мүсінін жасау керек болса, онда «Абай жолын», һәкім өлеңдері мен кара сөздерін түгелдей оқып, бойыма Абайды сіңіремін. Сонда ғана казактар айтатын толық адам шығады», — деп данышпан Абайға катысты көп дүниені білетінін аңғартты.

Тамила өнерімен алыс-жақынға танылғалы бері әлемнің біраз елін аралаған. Шығармашылық жұмыспен Венецияда болғанында ақ тастан кашап, әйел бейнесін жасапты. Оны «Ашық қыз» деп атаған. Флоренцияда әппақ мәрмәрдан ойған «Ақшам» әйел образын Батыстағы суретші-мүсіншілер жоғары бағалаған. Түркияға барған шығармашылық сапарында грек ертегісіндегі



ЖАС ӨРКЕН Өткен аптада Алматы қаласы мәдениет басқармасының қолдауымен және «Алматы» телеарнасының ақпараттық сүйемелдеуімен, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай өткен «Есіңе мені алғайсың» атты ақын өлеңдерін мөнерлеп оқудан республикалық онлайн байқау ұйымдастырылды. Өлең додасынан аты озғандардың екеуі – мектеп оқушылары. Өлең түгілі, кітап оқу сиреген уақытта поэзияға кішкентай балалардың ынтық болуы көңіл қуантады.

Өлеңді бала жастан серік еткен



Бұл байқаудың мақсаты — жастарды шығармашылыққа тәрбиелеу, М.Мақатаевтың есімін ұлықтау. Өлең бәйгесінің шарты да қызық: ақын өленін оқыған адамның өнері ғана бағаланбайды. Бейнежазбаны түсірген оператор, режиссердің кәсібилігі де сынға түседі. Әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырылған байқаудың 3-орын иегерлері — ағайынды Санат Серікбай мен Ұлағат Серікбай. Үлкені тоғызда, кішісі жеті



жаста екен. «Алматы» телеарнасының таңғы студиясына қонаққа барған жас өнерпаздар марапаттау сыйлықтарын алып, М.Мақатаев өлеңінен үзінді оқыды.

Бақытжан АМАНБӨЛҚЫЗЫ



Тле өзені бойында




Фото: Ғалия ҚАЛИЕВА

БАСПАСӨЗ – 2021



JAS QAZAQ

jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2248; Бағасы келісім бойынша Апталық таралым — 3000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқолының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	--	--